

ISSN 1563-0242
eISSN 2617-7978

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

HERALD

of journalism

№2 (72)


Алматы
«Қазақ университеті»
2024



ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ №2 (72) маусым

ISSN 1563-0242
eISSN 2617-7978



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №16493-Ж.

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Дудинова Е.И., филол.ғ.к. доцент,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Копбаев Т.М., филол. ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, журналистика факультетінің деканы
(ғылыми редактор) (Қазақстан)

Акынбекова А.Б., филол. ғ.к., доцент (ғылыми
редактордың орынбасары) (Қазақстан)

Антипов К.В., э.ғ.д., профессор, Иван Федоров атындағы
Мәскеу мемлекеттік баспа университеті (Ресей)

Беккер Р., з.ғ.д., Н. Коперник атындағы университеті,
халықаралық қатынастар факультетінің деканы (Польша)

Браун М., ф.ғ.д., профессор, Вайоминг университеті (АҚШ)

Барлыбаева С.Х., т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ (Қазақстан)

Рамазан А.Ә., филол. ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ (Қазақстан)

Сұлтанбаева Г.С., саяси ғ.д., профессор, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Шыңғысова Н.Т., филол.ғ.к., профессор, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Ошанова О.Ж., филос.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ (Қазақстан)

Мухамадиева Л.И., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ (Қазақстан)

Скрипникова А.И., PhD, аға оқытушы, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Алқожаева А.С., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ (Қазақстан)

Журналистика сериясы: қазақ баспасөзінің тарихы, электронды және жаңа медиа, баспа ісі, қоғаммен байланыс,
БАҚ дизайны, шетел журналистикасы, публицистика, медиа-құқық, интернет және әлеуметтік медиа.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



РОССИЙСКИЙ ИНДЕКС
НАУЧНОГО ЦИТИРОВАНИЯ
Science Index *



Жоба менеджері

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 13,5 б.т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Баспа журналдың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

1-бөлім
**ЖУРНАЛИСТИКА: ҚОҒАМ, ТАРИХ,
САЯСАТ, ЗАҢ, ЭКОНОМИКА**

Section 1
**JOURNALISM: SOCIETY, HISTORY,
POLICY, LAW, ECONOMY**

Раздел 1
**ЖУРНАЛИСТИКА: ОБЩЕСТВО, ИСТОРИЯ,
ПОЛИТИКА, ЗАКОН, ЭКОНОМИКА**

С.Ә. Қалқабәева* , Л.А. Алмас , Т.М. Көпбаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: sk.61@mail.ru

Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ СУБЪЕКТИВТІЛІК

Бұл мақалада қазақ журналистикасына көп үлес қосқан журналист-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың публицистикасындағы авторлық субъективтілік мәселесі қарастырылады. Публицистикалық мақалаларымен қоғамдық пікірге әсер етіп, гуманистік идеяларды қалыптастыруға зор үлес қосқан қаламгер еңбегіне баға беріледі.

Зерттеуіміздің мақсат-міндеті – журналист-қаламгердің журналистік еңбектеріндегі автордың жеке тәжірибесі, көзқарастары, сезімдері, талдаулары мен бағалаулары арқылы берілетін авторлық концепцияны айқындау. Зерттеудің негізгі объектісі – қаламгердің публицистикалық еңбектері, ондағы авторлық таным мен ұстанымдарын айқындау. Журналист-жазушының қоғамдық сипатта жазылған публицистикаларындағы әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге автордың көзқарасы мен пікірін білдіру тәсілдері де қарастырылады. Шығарманың тақырыбы мен жанрына қарай автор ұғымы философиялық, әлеуметтік, мәдени, жеке, т.б. аспектілерде танылуы сараланады. Мақалада қаламгердің шығармашылығының тұтастығы мен бірегейлігін тудырып, дара стилін анықтауға қол жеткізетін авторлықтың маңызды аспектілері теориялық және эмпирикалық әдістермен зерттеліп, контекстік тұрғыда талданады. Бұл қаламгер шығармашылығында авторлық субъективтілік пен концепцияның арқарар маңызы зор екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Жиырма жылдай журналист қызметін атқарған жазушының журналистік лабораториясына барлау жасалады, «журналист» ұғымы төңірегіндегі пікірлері сарапталады. Өмірлік тәжірибеден өткен журналист-жазушының түйінді ойлары журналистердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін нығайтуда маңызды болып табылады.

Журналистикадағы автор субъективтілігі ұғымын Ә. Нұршайықов публицистикасындағы стильдік-жанрлық, көркем поэтикалық даралықпен байланыста алып, контекстік талдаулармен айқындалуы зерттеудің өзектілігі мен жаңашылдығын көрсетеді. Зерттеу барысында, әлемдік және отандық журналистердің публицистикадағы авторлық субъективтілік аспектілері, атап айтқанда, журналистік мәтіндердің мазмұнын қалыптастырудағы рөлі, оның оқырмандар қабылдауына әсері жайында айтқан теориялық түсініктемелерін ұсынуы мақаланың маңыздылығын арттыра түскен.

Түйін сөздер: публицистика, авторлық субъективтілік, автор концепциясы, интерпретация.

S.A. Kalkabaeva*, L.A. Almas, T.M. Kopbayev
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: sk.61@mail.ru

The author's subjectivity in Nurshaykov's journalism

This article examines the role of authorial subjectivity in the work of Azilkhan Nurshaykov, a writer-journalist who contributed significantly to Kazakhstani literature and journalism. The scientific aspect of A. Nurshaykov's journalistic activity, which had a large impact on public opinion and played an essential role in the development of humanistic concepts, is discussed.

The study's goal is to describe the author's concept in journalistic works based on personal experience, perspectives, feelings, analysis and evaluation. The primary focus of the research is the author's publicistic works, which contain the author's thoughts and opinions. The author's perspectives and approaches to public and societal issues are taken into account in the journalist's profession. The author's notion will be acknowledged in philosophical, social, cultural, personal, and other aspects depending on the work's subject and genre. The study examines theoretical and empirical methodologies, as well as contextually analyzing essential characteristics of authorship that contribute to the integrity and uniqueness of a journalist's work and determine individual style. This helps readers comprehend the concept of authorship in a journalist's work.

The paper investigates the journalistic laboratory he worked in for nearly two decades and analyzes his perspectives on the concept of journalist. A writer-journalist's viewpoint based on life experience is

The study's relevance and innovation stem from the development of contextual analyses that connect the author's subjectivity in journalism with the stylistic-genre, creative, and poetic characteristics of A. Nurshaykov's works. The article's value is additionally boosted by providing theoretical explanations of features of authorial subjectivity of international and domestic journalists, including the role of journalistic texts in content production and their influence on reader perception.

Key words: publicism, author's subjectivity, author's concept, interpretation.

С.А. Калқабаева*, А.А. Алмас, Т.М. Копбаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: sk.61@mail.ru

Авторская субъективность в публицистике А. Нуршаихова

В статье анализируется роль авторской субъективности в творчестве известного писателя и журналиста Азильхана Нуршаихова, внесшего значительный вклад в развитие казахстанской литературы и публицистики. Дается научная характеристика публицистической деятельности А. Нуршаихова, оказавшей значительное влияние на общественное мнение и развитие гуманистических идей.

Цель исследования – изучить алгоритмы выражения авторской концепции в публицистических произведениях журналиста, передающиеся через личный опыт, взгляды, чувства и оценки автора. Основным объектом исследования являются публицистические произведения Азильхана Нуршаихова, выявляющие мнение и позицию автора по актуальным вопросам современности. Рассматриваются авторские подходы к общественной и социальной проблематике в журналистских текстах. В соответствии с тематикой и жанром произведения, авторская концепция формализуется в философском, социальном, культурном, личностном и других аспектах. В статье представлены результаты теоретического и эмпирического методов исследования, контекстуально анализируются ключевые аспекты авторства, создающие целостность и уникальность литературного творчества журналиста, определяющие индивидуальный стиль и позволяющие читателям понять концепцию автора в творчестве журналиста.

Авторы также представили результаты исследования творческой лаборатории А. Нуршаихова, взгляд автора на задачи и миссию журналистики, которой он отдал почти четверть века. Жизненный опыт, наблюдения и размышления писателя представляют важный и ценный материал для формирования молодых журналистов, роста компетентности и профессионализма сотрудников СМИ.

Актуальность и новизна исследования заключается в создании контекстуальных анализов, связывающих авторскую субъективность в публицистике со стилистико-жанровой, художественно-поэтической особенностями произведений А. Нуршаихова. Значимость статьи также заключается в предоставлении теоретических объяснений аспектов авторской субъективности мировых и отечественных журналистов, в частности, роли журналистских текстов в формировании контента, его влияния на восприятие читателей.

Ключевые слова: публицистика, авторская субъективность, авторская концепция, интерпретация.

Кіріспе

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығының бір саласы публицистика болғаны мәлім. Баспасөз қызметінің барлық сатыларынан өткен қаламгер публицистиканың негізгі жанрларының көптеген түрлеріне қалам тартты. Әлемде, елде немесе аймақта болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар туралы мақала, бас мақалалардан бастап, очерк-интервью, хабарлар, корреспонденция, этюд, суреттеме, жазбалар фельетон, рецензия, сын т.б. жазды. Журналистік қызметті атқара жүріп, қызықты да танымал тұлғалармен сұхбаттар жүргізу нәтижесінде әдеби-публицистикалық

сипаттағы деректі әңгімелер, очерк, сұхбат, эссе, естелік, интервью сияқты газет-журнал жанрларының бәріне ерінбей-талмай қалам тартып, қаламын шыңдай түсті. Зерттеуімізде публицистика мен әдебиеттің қай жанрында жазса да тақырып тандау, оны өңдеу тәсілдері, баяндау стилі, белгілі бір тілдік және көркемдік әдістерді қолдануы жағынан даралығы айқындалып тұратын, ірі жазушы бола тұра журналистикадан қол үзбеген Ә. Нұршайықовтың публицистика жанрында жазған еңбектерінде көрініс алған авторлық субъективтілік мәселесін қарастыруды басты зерттеу объектісі етіп алдық. Өйткені журналист-жазушы Ә. Нұршайықов публицистикасындағы авторлық субъективтілік

– бұған дейін зерттелмеген әрі қазіргі журналистикада өзекті тақырыптардың бірі. Шығармашылығына даралық пен тереңдік, сонылық пен құндылық сипат үстеп тұрған авторлық субъективтіліктің бой көрсетуін Ә.Нұршайықов публицистикасындағы қаламгерлік мұрат пен ұстаным, көркемдік таным мен эстетикалық талғам мәселелерімен байланыстыра зерттеп, пайымдау тақырыбымыздың өзектілігі мен маңыздылығын арттыра түседі.

Зерттеуіміздің мақсат-міндеті – журналист-қаламгердің публицистикалық еңбектеріндегі автордың жеке тәжірибесі, көзқарастары, сезімдері, талдаулары мен бағалаулары арқылы берілетін авторлық таным мен ұстанымдарын айқындау. Журналист-жазушының қоғамдық сипатта жазылған публицистикаларындағы әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге автордың көзқарасы мен пікірін білдіру тәсілдерінде қарастыруымыз мақсат-міндеттерімізді айқындай түседі.

Қаламгердің шығармашылығының тұтастығы мен бірегейлігін тудырып, дара стилін анықтауға қол жеткізетін авторлықтың маңызды аспектілері теориялық және эмпирикалық әдістермен зерттеліп, контекстік тұрғыда талданады. Бұл оқырмандарға қаламгер шығармашылығындағы автор концепциясын түсінуге мүмкіндік береді. Ә. Нұршайықовтың журналистік лабораториясына барлау жасалып, «журналист» ұғымы төңірегіндегі пікірлері сарапталады. Өмірлік тәжірибеден өткен журналист-жазушының түйінді ойларының мәнін ашу журналистердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін нығайтуда маңызды болып табылатыны анық.

Шығармашылық қызметінің құрамдас бөлігі болып табылатын авторлық субъективтілік жазушының ішкі дүниесінің, көзқарасының, жеке сенімінің, тәжірибесінің, эмоциясының оның шығармасына әсерін білдіреді. Бұл тұжырымдамалық негіз авторға өз шығармашылығын бағдарлауға, сонымен қатар идеяларды жеткізу мен дамытуда тұтастық пен жүйелілікті қамтамасыз етеді. Сайып келгенде, авторлық субъективтілік оқырмандар үшін шығарманың құндылығы мен маңызын анықтайтын негізгі элемент болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Публицистикада автордың субъективтілігі өзі қарастырып отырған оқиғаларға, құбылыстарға, проблемаларға немесе идеяларға

жеке көзқарасы арқылы көрінеді. Автордың өз пікірінсіз немесе ықпалынсыз ақпаратты беруге ұмтылатын объективті журналистикадан айырмашылығы, авторлық субъективтілігі бар публицистика эмоциялардың, жеке сенімдердің болуына, оқиғаларды автордың жеке тәжірибесі мен көзқарасы призмасы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсілді оқырмандардың эмоционалды реакциясын тудыру, тақырыптардың маңыздылығын көрсету, сонымен қатар талқыланатын мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіру үшін аса қажет. Дегенмен, бұл ретте автордың субъективтілігі біржақтылық, фактілерді бұрмалау немесе қарастырылып отырған мәселенің әртүрлі аспектілерін толық көрсетпеу сияқты ниеттен туындамауы керек. Журналистика әлемінің көрнекті қайраткері Боб Вудворд айтқандай, «Журналистикада объективтілік пен субъективтілік арасында әрдайым шиеленіс орын алған. Бейтараптыққа қанша ұмтылсақ та, біздің біржақтылығымыз бен көзқарастарымыз журналистикамызға әсер етеді» (Bob Woodward, 2013). Жақсы журналист жеке авторлық субъективтілік пен объективтілік арасындағы тепе-теңдікке ұмтылады, әртүрлі көзқарастарды қарастырады және ақпаратты оқырмандарға өзіндік қорытынды жасауға мүмкіндік беретіндей етіп ұсынады. Канадалық журналист Наоми Клейнде: «Пікір журналистикасы субъективті көзқарастар бойынша өрбіген. Әңгіме тек объективті фактілерден гөрі перспективалар мен интерпретацияларды ұсынуда» (Klein, 1999), – деген пікір айтады. Баспасөз бостандығы мәселелеріне баса назар аударған танымал американдық журналист Гленн Гринвальд болса былай дейді: «Журналистикадағы объективтілік идеал болғанымен, толық бейтараптық мүмкін емес. Біздің ортамыз, тәжірибеміз және құндылықтарымыз ақпаратты қабылдау және жеткізу тәсіліне әсер етеді» (Glenn Greenwald, 2011). Осы айтылған мәселелер төңірегінде көсемсөзді зерттеген қазақ ғалымдары да өзекті ойлар айтқан. Профессор К. Қамзин «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» монографиясында (Қамзин, 2009) «көсемсөз мәтіндеріне кең тынысты, еркін ойлы қағидалық пайымдаулар қажет» екендігін айтады. Жоғарыда айтылған дәйексөздер автор субъективтілігінің әр түрлі аспектілерін, соның ішінде олардың автор шығармаларына ықпалын, өз сезімдері мен тәжірибелерін, мәтіндерді жасау мен түсіндіруге қатынасын білдіреді.

Журналистика үшін автор ұғымы аса маңызды. Автор ұғымы шығарманың негізгі

идеясын ғана емес, оны жүзеге асыру тәсілдерін, зерттеу әдістерін, таңдаған стилін, жалпы мақсаты мен күтілетін нәтижесін де қамтиды. Ол тақырып төңірегіндегі автордың ішкі дүниесін, дүниетанымын, көзқарасы мен түсінігін бейнелейді.

Авторлықтың маңызды аспектілері қаламгердің шығармашылық процесі мен стилін анықтайтын авторлық субъективтілік пен автор концепциясы болып табылады. Осы екі ұғымның арасындағы байланыс – автордың субъективтілігі автор концепциясын қалыптастыратындығында жатыр. Яғни автордың жеке тәжірибесі, көзқарастары, наным-сенімдері оның жазуға деген жалпы көзқарасы мен шығармаларында білдіргісі келетін идеяларының негізін құрайды. Бұл оқырмандарға автор мен оның шығармашылығын жақсы түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның шығармашылығының тұтастығы мен бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Журналист-жазушылар ақпарат туралы баяндап қана қоймай, онда өз дауысын, өз интерпретациялары мен талдауларын береді. Олар оқиғаларды, тақырыптарды, мәселелерді зерттейді, талдайды, сипаттайды. Ал олардың публицистикалық мақалалары қоғамдық пікірге әсер етіп, пікірталастарды қалыптастыра алады.

Әр автордың бірегейлігі тақырыптарды, бейнелерді, стильдерді таңдау, материалды өңдеу арқылы көрінсе, автордың концепциясы шығармаларының негізінде жатқан идеясы мен пайымдауларынан байқалады. Автор ұғымы адамгершілік, философиялық, саяси немесе эстетикалық аспектілерді қоса алғанда, идеялардың кең ауқымын қамтуы мүмкін.

Алғашқы шығармашылық қызметін журналистикадан бастаған Ә. Нұршайықовтың осы саладағы жұмысы оның көптеген кітаптарына негіз болды. Атап айтсақ, «Алыстағы ауданда» (1956), «Жер туралы жыр: очерктер» (1974), «Автопортрет» (1977), «Мен журналистпін» (1977), «Екі естелік» (1985), «Жамбылға хат: Әскери естеліктер» (1996), «Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер» (2000) т.б. кітаптары публицистикалық сипаттағы еңбектер. Осы кітаптардағы публицистикалық шығармаларды басқа әдеби жанрлардан өзгеше ететін бірқатар ерекшеліктер бар. Мақаламызда «журналистиканың қарт сарбазы» болып өмірден өткенше қаламын тастамаған Ә. Нұршайықовтың журналистикалық қызметін басты назарға алдық. Қаламгердің публицистикалық еңбектерін негізгі зерттеу объектіміз етіп алатырып, авторлық таным мен ұстанымдарын

айқындауды мақсат еттік. Журналист-жазушының қоғамдық сипатта жазылған публицистикаларында әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге өз көзқарасы мен пікірін білдіру тәсілдеріне зер салдық. Шығарманың тақырыбы мен жанрына қарай автор ұғымы философиялық, әлеуметтік, мәдени, жеке, т.б. аспектілерде танылу жағын қарастырдық. Журналистік тәжірибе мен шеберлік жайындағы автордың түйінді ойлары мен пайымдауларын да назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Журналист-қаламгердің публицистикасының бөлінбес бір бөлшегіне айналған авторлық субъективтілікті жан-жақты қарастыру зерттеуіміздің жаңашылдығы болып табылады. Қаламгердің журналистік шеберлігін, публицистикасындағы авторлық субъективтіліктің көрініс алуын айқындауда талдау, саралау, бағалау, пайымдау, контекстік талдау әдістерін қолдандық. Зерттеуімізде алға қойған мақсат-міндеттерімізге қарай Ә. Нұршайықов публицистикасын мынадай аспектілер негізінде зерттеуді мақсат еттік:

- қаламгердің журналистік қызметіне баға беру;
- автор публицистикасының тақырыптық-идеялық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерінің мәнін ашу;
- публицистикасындағы авторлық субъективтіліктің көрініс алуын айқындау;
- автор ұғымының адамгершілік, философиялық, саяси немесе эстетикалық аспектілеріне түсінік беру;
- авторлық субъективтілік пен автор концепциясын контекстік талдаулармен тұжырымдау.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу мақаламызда қазақ журналистикасының алып тұлғасы Әзілхан Нұршайықовтың «Жер туралы жыр: очерктер», «Ауыл адамдары» очерктер топтамасы, «Мен журналистпін», «Алыстағы ауданда», «Жомарт өлке», «Ертіс жағасында» сияқты публицистиканың көптеген жанрында жазған еңбектері жинақталған Ә. Нұршайықовтың «Таңдамалы шығармаларының он томдығы» (Нұршайықов, 2005: Т.4, Т.7), «Екі естелік» (1985), «Жамбылға хат: Әскери естеліктер» (Нұршайықов, 1996), «Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер» (2000) т.б. публицистикалық сипаттағы кітаптарын зерттеу нысанына алдық. Журналист-жазушы Ә. Нұршайықовтың журналистика саласындағы қызметі мен еңбектері туралы жазылған әдебиеттер (Әйгілі Әзаға, 2012),

т.б. ғылыми мақалалар басшылыққа алынды. Әзілхантанушы ғалымдар С. Қалқабаеваның «Көркем шығарма поэтикасы» (Қалқабаева, 2021), «Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер» (Қалқабаева, 2004) монографиялары мен М. Тоқтағазиннің «Заманасөз заңғары» (Тоқтағазин, 2022), Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз бен көркемдік сипат» (Тоқтағазин, 2012) кітаптары, Р. Тұрысбектің «Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы» (Тұрысбек, 2005) еңбегі, журналист-жазушының шығармашылығына арналған конференция материалдары (Әзілхан Нұршайықов және қазақстандық журналистиканың өзекті мәселелері» республикалық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы, 2013; Әзілхан Нұршайықов және журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері, 2022) да негізге алынды. Мақалада журналист-жазушының публицистикасындағы авторлық субъективтілік сөз етілгендіктен осы мәселеге қатысты әлемдік және отандық журналистердің ой-пікірлері де қамтылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ әдебиеті мен журналистикасы тарихында құнды шығармаларымен орын алған жазушы-журналист Әзілхан Нұршайықов тұлғалық болмысы мен журналистік лабораториясы әлі де зерттеуді қажет ететін өзектілігін жоймайтын тақырып. Алғашқы шығармашылық қызметін публицист ретінде бастаған қаламгердің осы салада жазған еңбектерінің қамтыған тақырыптары саналуан, стильдік-жанрлық құрылымдары да дара сипатқа ие.

Жиырма жылдай уақытын журналистикаға арнаған Ә.Нұршайықов Семей облыстық «Екпінді» (қазіргі «Семей таңы») газетінде әдеби қызметкер, тілші «Қазақстан пионерінде» бөлім меңгерушісі болады. Журналист ретінде қалыптасуына игі ықпал еткен «Социалистік Қазақстанда» он бес жылдай қызмет істеп әдеби қызметкер, меншікті тілші, жауапты секретарьдың орынбасары, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары баспалдақтарына көтеріледі. Сондай-ақ Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде редактор, «Қазақ әдебиетінде» бас редактор, тағы да төрт жылдай Қазақ Совет Энциклопедиясында редакция меңгерушісі болған. Журналистикалық мектептің барлық сағыларынан өткен жазушы мақала, очерк, фельетон, эссе, рецензия,

хат, суреттемелер, корреспонденция, хабарлар сияқты ұсақ-ірілі жанрлардың бәріне қалам тарта жүріп, журналистік еңбектің қыр-сырын жетік меңгерді. Бұны журналист-жазушының «Мен журналистпін», «Журналист лабораториясы» атты еңбектерінен қанық білеміз. Ең алдымен өзін «мен журналистпін» деп есептейтін жазушының «жақсы жазушының бәрі журналист бола бермейді», «жақсы журналист жазушы» деп айтқан сөздерінен осы мамандықты аса құрмет тұтқанын көреміз.

Кезінде ҚазМУ-дың журналистика факультетінің студентінің қойған сұрақтарына жауабында, журналистің бойында табылуға тән қасиеттер «...елгезек, қарапайым, кішіпейіл, адамдармен жанашқыш, жұғысқыш, ерінбейтін еңбекшіл, ұстамды, көнтерлі, жазғыш, айтқыш, ақылды азамат болу керек» (Нұршайықов, 2005: 303), – деген екен.

«Журналист» ұғымы мен оған қажетті қасиеттерге практик журналист ретінде түсінік берген қаламгердің ой-толғамдары теоретик-ғалымдардың тұжырымдарынан кем емес. Өмірден түйген пікір-түйіндерін ерінбей параққа түртіп кеткен абыз Әзағанның журналист, газет, тілші, редакторлар туралы мақал-мәтелдері де жеткілікті. Енді соларға зер салып көрелік: «Жақсы журналист жаңашыл келеді», «Жаңалықты сезгіш журналист – журналист, Жаңалықты сезбейтін журналист – формалист», «Шын асылды тот баспайды, Шынайы журналист шоқ баспайды», «Талантсыз журналист – тиексіз домбыра», «Басқаның алдында бір кітап жатса, Журналистің алдында екі кітап жатады. Біреуі – жазылған кітап, екіншісі – өмір», «Журналист болсаң – жасқаншақ болма. Жақсы жазсаң да мақтаншақ болма», «Жас журналист жасқаншақ, Зердесіз журналист мақтаншақ. Қаламсыз журналист қарусыз солдатпен тең» т.б. (Нұршайықов, 2005: 166-170)

Қанатты сөзге айналып кеткен Ә. Нұршайықовтың осы мақал-мәтелдерінде журналистердің өз саласында игілікті іс істеу үшін қажетті практикалық дағдылардың кең спектрын қамтығандығын байқаймыз. Соның ең маңыздысы – кәсіби мінез-құлық қағидаларын сақтау туралы айтқан ой-түйіндері. Мысалы, «Жақсы тілші – жақсылықты көреді, Жаман тілші кемшілікті ғана тереді», «Жақсы тілші адамды құрметтейді, Жаман тілші сиырды суреттейді», «Жақсы тілші жайдарланып келеді, Жаман тілші айбарланып келеді», «Мылжың тілшінің сұрағы таусылмайды», «Тілші біреуге мінгесіп жүреді, Қалың жұртпен тілдесіп жүреді», «Екі тілші

тату болса, Бірін-бірі қиыспайды. Екі тілші араз болса, Бір қалаға сиыспайды» (Нұршайықов Ә. 2005, 170-172), т.б. Журналистикада этика маңызды рөл атқаратынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Журналистер өз кәсібінің әдеп кодексін қатаң ұстануға тиіс. Себебі журналистер қоғамдық пікірге ықпал етеді және көпшілік халықтың оқиғалар, адамдар және жалпы әлем туралы түсінігін қалыптастырады. Қайраткер журналистің «Журналист аузынан шыққан сөз жалпақ жұртқа жария болады» деуі де рас. Бұл қағидаттарды ұстану журналистерге өз жұмыстарын жауапкершілікпен және әдептілікпен орындауға көмектеседі, өз кезегінде ақпараттандыру көзі ретіндегі журналистикаға қоғамның сенімін сақтауға ықпал етеді.

Баспасөз қызметінде жүріп қатардағы тілшіден редакторға дейінгі баспалдақтарға көтеріліп, көкейіне түйгендерін жазып жүрген еңбеккер журналист-жазушының пайымдаулары күні бүгінге дейін мәнін жоймағаны анық. Өйткені онда журналист лабораториясының қыр-сырын жан-жақты тануға, түсінуге мүмкіндік беретін ойлар көп. Өмір бойы журналистік қызметтен шет қалмаған Ә. Нұршайықовтың журналистік еңбектері мен заманасөз мұраларын жұртшылыққа жеткізу мақсатында ізденістер жасап жүрген журналист-ғалым Мұратбек Тоқтағазин айтқандай, «Әзағанның өмір жолында журналистикадан сырт кеткен тұсты көрмейсің. Ол шын мәнінде қылышын қынабында нық ұстаған батырдай дайын жүретін қалам иесі» (Тоқтағазин, 2022, 9).

Өз заманының әлеуметтік-рухани мәселелері жайында ой қозғап, оған өз көзқарасы мен сезімін білдіру еркіндігі – Ә. Нұршайықов публицистикасына тән даралық. Очерк, естелік, сұхбат, эссе, күнделік, хат сияқты жанрларда жазғандарының көркем проза деңгейіне көтерілуінің басты тетігі автор субъективтілігінде болса керек. Автор мәтінді ажарлап әрі әсерлі ете отырып, өзінің көңіл-күй, эмоцияларын, пікірлері мен бағаларын айқын, ашық көрсете алады. Әсіресе, Әзағанның интервьюлері мазмұнды да әсерлі. «Менің журналистік жолым», «Интервью» сұхбаттарында осы газет жанры туралы көп мәліметтер айтады. «Интервью – публицистиканың оқырман қызыға, құныға оқитын жанрының бірі. Егер газет бетінде бірнеше жанр жауандап тұрса, мен өзім алдымен интервьюге көз салар едім <...> Интервью қойылатын сұрақ пен оған берілетін жауаптың нақтылығымен қызықты» (Нұршайықов, 2005: 9), – деп автор ой-пікірін ашық мәлімдейді. Ин-

тервью алушы әңгімелесетін адамына жұрттың назарын аударатын ең қажетті сұрақтарды қоюға, жауапты да шұбалаңқы етпей ықшам түрде жариялағаны жөн деген кеңес береді. Көбіне жай мақала түрінде беріліп жататын фактілер интервью түрінде берілсе, оқырман санасына сіңімді болар еді деген ұсынысын да айтады.

Жанрлық ізденіске көп барған Ә. Нұршайықов интервью-очерк сынды заманасөздің түріне де қалам тартқан. Публицистика жанрын зерттеуші ғалым, профессор Б. Жақып: «Ә. Нұршайықов қазақ очеркінің диалогқа құрылған түрін қалыптастырды. Оның «Коммунист туралы сөз», «Партиялық тапсырма» очерктерінен бастап, «Ақиқат пен аңызға» дейінгі шығармашылық жолы – соның дәлелі» (Жақып, 2004: 263), – деп журналист-қаламгердің очерк жанрындағы тың ізденістеріне оң баға береді. Ә. Нұршайықовтың «Шопан туралы сөз», «Директор» интервью-очерктері де сұхбаттасу түрінде жазылған.

Очеркте де басқа да көптеген әдеби формалардағыдай субъективтілік маңызды рөл атқарады. Очерк – автордың өз ойларын, көзқарастарын, сезімдерін білдіру еркіндігі бар жанр. Очерктің осындай мүмкіндігін автор басты қаһармандарының тұлғалық болмысын танытуда кеңінен пайдаланған. «Шопан туралы сөз» очерк-интервьюінде екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың «Жазылбек мектебі» жайындағы мәліметті депутат Айтбай Назарбековты сөзге тартып баяндау тәсілімен жазған. Бұндай очерк-интервью оқырманға мәтіндегі айтылған ақпараттар мен тұлғаны тереңірек тануға мүмкіндік берген. Жазушының осындай тәсілін «Директор» интервью-очергінен де көреміз. Автор кейіпкеріне тек қасаң сұрақтар ғана қойып отырмай, өз тарапынан айтылатын мәліметтермен, көзқарас, тұжырымдарымен, сипаттауларымен толықтырып отырады. Тозығы жеткен ауылдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға жиырма жылдай қызмет етіп, көп еңбек қосқан Екі рет Еңбек Қызыл Ту және Октябрь Революциясы ордендерімен наградталған К. Мұсажановпен сұхбатындағы автордың мына суреттеуіне назар аударайық: «Автор: Ауылдың айналасы шаңы шыққан тақыр болушы еді. Жер жарылып, әжім басқан кәрі кісінің бетіндей айғыз-айғыз болып жататын. Ол жарықтарға жылан мен кесірткелер тығылатын. Біз, ауыл балалары, ол жарықтардың үстінен жанымыз қалмай жүгіріп өтетінбіз. Сәл бөгелсек аяғымызды жылан шағып алады деп қорқатынбыз Ауыл

үйлерінің айналасынан қылтиған бір тал қылтанақ көрінбейтін... Қ. Мұсажанов: Ал енді әр үйге су сылдырап келіп тұрады. Әр үй асты газбен пісіреді. Әр үйдің іргесінде жайқалған бау-бақша бар. Совхоз адамдары өз үйінің іргесінде өсіріп, қысы-жазы қауын-қарбыз, овощ, картоп жейді» (Нұршайықов, 2005: 330). Осындағы сұхбат автордың оқырманға білдіргісі, жеткізгісі келетін мақсат-міндеттерді және негізгі тұстарды айқындайды. Оқырманға автордың негізгі ойлары мен идеялары мәтінде нақты тұжырымдалып, дәйекті түрде жасалып отырғаны маңызды.

Журналистикаға сұхбат, очерктен, мақала, репортаж, эссе сияқты көптеген жанрлар кіреді. Бұл жанрлардың негізгі принциптері мен ерекшеліктерінде біршама өзгешеліктер болғанымен, жалпы ортақ сипаттары бар. Ең бастысы, журналистік мәтіндер объективтілік пен фактуальдылыққа негізделі отырып, авторлық пікір, талдау мен бағалаулармен жандануға тиіс. Автор мәтіннің кімге арналғанына, мақсатына, жанрына байланысты стилі мен эмоционалды бояуды таңдайды. Әрине, әр жанрдың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, эссе неғұрлым жеке және рефлекторлық болуы мүмкін, мақала неғұрлым танымдық және аналитикалық болуы мүмкін, ал репортаж неғұрлым объективті және фактологиялық болуы мүмкін.

Дерек, факт, документ жансыз материал ғана іспетті, ал суреткер журналист оған жан бітіруге тиіс. Онсыз мақсат-мұратына жетпейді, танымдық деңгейге көтеріле алмайды. Осы тұста неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің: «Әрбір автор өз шығармаларында өзін қандай да бір жолмен суреттейді, тіпті оның еркі қарсы болса да», (Göte, 1833), – деген сөзі еске оралады. Өмірдің шикі материалы мен шындық арасындағы алыс жолды жүріп өту үлкен парасат пен шеберлікті, талант пен талғамды қажет етеді. Біз қарастырып отырған Ә. Нұршайықов – журналистік жанрдағы жазған шығармаларында өмірлік деректерге көркемдік сипат дарытып, эмоционалды реңк беріп әрлендіре алған қаламгер. Жазушы жалпы шығармашылығындағы деректілік негізді қарастырған ғалым Мұратбек Тоқтағазин былай деп жазады: «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы атап көрсетерлік ең басты ерекшелік – қаламгер туындыларының барлығы дерлік нақты деректерден тамыр тартып, нәр алып жатады. Осындай өзіндік өзгешелігімен де шынайы әрі тартымды. Өйткені Әзағаң кейбір әріптестеріміз тәрізді жалқаулыққа салынып, сүреңсіз, жансыз цифр-

рларды мұрнынан тізіп, орынды-орынсыз самсатып қоймайды. Бұл әрине, жазушы цифрлар мен фактілерді қолданғанда оның әрқайсысы орын-орнымен нақты бір ой-идеяға қызмет етіп, соның құрамдас бөлшегідей болып тұрады» (Тоқтағазин, 2012: 19).

Ә.Нұршайықов публицистикасындағы деректік негіздің діңгегі мықты болды. Ұлы Отан соғысының ардагері болған қаламгер майдан шебінде жүрген жылдары күнделік жазуды тастамаған. Бұл тарихи нақтылыққа және соғысқа қатысқандар жөнінде мағлұматтар алуға таптырмас мәлімет болғанын аңғару қиын емес. От пен оққа оранып жүріп жазылған мына жолдар соғысты көз алдыңызға әкеледі: «25. 10. 1942 ж. Таңертеңгі сағат 8-ден кешкі 5-ке дейін жабық позицияда фашистердің алдағы деревнядағы бекінісіне үздіксіз оқ аттық. Бір сағат тыным тапқанымыз жоқ. Менің бірінші зеңбірегімің жалғыз өзі 203 снаряд шығарды. Сонда біз бүгін фашистерге ыстық снарядтан 1624 килограмм сәлемдеме жіберіппіз. Бұл 1,5 тоннадан асады. Ал батареяның қалған үш зеңбірегі аз дегенде үш тонна снаряд атты. Сонда біздің 2-батарея фашистермен шайқастың алғашқы күні төбесіне 4,5-5 тонна снаряд төкті. Бұл аз шаруа емес. Қай кездерде зеңбірек стволы қып-қызыл болып, отқа салған темірдей қызарып кетеді. Қол тигізуге болмайды. Әзірше бізден шығын жоқ. Кешке қарай алғы шептегі 3-батареяның взвод командирі Көшековтің өлгенін, бір зеңбірек көздеуші мен бір затвор ашушының жаралы болғанын естідік». (Нұршайықов, 1996: 123)

Кіші сержант Ә. Нұршайықов – соғыс жағдайында өзін жан-жақты қатал тәртіпке көндіре білген, жаумен екі қаруымен, зеңбірегі әрі қаламымен, күрескен қаламгер. Майдандағы қазақ тілінде шығатын «Сталин үшін, алға!» атты әскери газетте тілшілік қызмет атқарып, мақала, өлеңдерін жариялап тұрған. Журналист ретінде ол Ұлы Отан соғысының батырлары Махмет Қайырбаев, Мәлік Ғабдуллин, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров тәрізді батырлардың Отан қорғау жолындағы әскери ерліктерін, Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Күләй Шарбақбаев, Ділдәш Итбасова сияқты Еңбек ерлерінің бейбіт өмірдегі қарапайым қаһармандық істерін, жаза отырып, баспасөз арқылы жас ұрпақтың тәрбие ісіне мол үлес қосып отырды. Аты аңызға айналған қазақ батыры Бауыржан Момышыұлы туралы жазылған сұхбаттары да роман болып жазылмас бұрын баспасөзде жарияланды. Өзімен бірге соғыста болған академик С.Бәйішев және

соғыста батырлықтың үлгісін көрсеткен Ыбырайым Сүлейменов пен Мәншүк Мәметовалар жайлы «Невель түбінде», Махмет туралы «Батырдың өмірі», майдандас болған жолдастарының ерліктері ізімен жазылған «Боздақтары», т.б. майдан жазбалары – бәрі де тарихи деректер, құжаттар негізінде жазылған дүниелер. Жазушыда фактілер, деректер, құжаттар негізінде жазу стилінің орнықты қалыптасуының сыры әдебиетке очеркист, публицист ретінде келуінде.

Оқырманға публицист, очеркист ретінде танылған Ә. Нұршайықовтың көптеген прозалық көркем туындысы очерктері негізінде туындаған. Атап айтсақ, 1963 жылдың он жетінші қарашасында «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Менің майдандас досым» атты очеркі «Махаббат жыры» повесіне, ал 1968 жылы «Жұлдыз» журналының екінші санына жарияланған «Азамат сыры» очеркі «Ғажап адам» повесіне айналды. Ерлігімен ел аузында аты аңызға айналған халық батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы туралы жазылған «Ақиқат пен аңыз» романдialogының тууына «Жұлдыз» журналының тапсырмасы түрткі болғандығын автордың «Ақиқат пен аңыз» қалай туды?» деген мақаласынан білеміз. Сауал мен жауап түрінде жазбақ болған интервью-очеркі болашақ романның жанры мен стилін айқындап берді. Шығарманың деректілік стильмен сұхбат түрінде жазылуы оны деректі көркем роман-сұхбат деп атауымызға толық мүмкіндік берді. Сұхбат түрінде кең көлемді эпикалық шығарма жазу – Ә. Нұршайықовтың әдебиет жанрына салған дара соқпағы болды. (Қалқабаева, 2019: 24-25) Сонымен қатар шығармада автор тарапынан баяндалып, расталатын фактілер мен оқиғалар көптеп кездеседі. Сұхбаттасу барысында айтылғандардың бәрін рас дей бермейді, фактілер келтіріп, құжаттармен растап, Бауыржан көзқарасын ескеріп отырады. Автор осылай тасада тұрып, кейіпкер әңгімесінің ауанын өз мақсатына қарай бағыттап отырып, журналист мәдениеті мен этикасының жоғары үлгісін танытады. Авторлық сана жеке дара көрініс алмай өзге санамен, таным-түсінікпен де әр қырынан сабақтасып, қатарласа көрініс алып жатады. Осы тұста авторлық субъективтілік оның нарраторлық тәсілінен де байқалып жатқанын ескергеніміз жөн.

Ә.Нұршайықов – естелік, күнделік хат жанрларын да көркем проза деңгейіне көтерген жазушы. «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы, «Өткелдер» роман-

естелігі, әдебиетші қауым күнделік-эпопея деп баға беріп жүрген «Өмір өрнектері» атты әдеби күнделіктері бұған дәлел. Қарапайым өмірлік деректерден мәнді дүние тудыра білетін еңбекқор қаламгердің әскери, тұрмыстық және әдеби күнделіктері өмірінің соңғы жылдарында жеке кітап болып жарық көріп жатты.

1985 жылы қазақтың ұлы жазушылары М.Әуезов пен С.Мұқанов туралы «Екі естелікті» жазса, 2000 жылы Әзілхан Нұршайықов әдебиетімізге бір емес, қатарынан екі тың туындысын алып келді. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы мен автордың өзі «әдеби күнделіктер» деп атаған «Өмір өрнектерінің» бірінші кітабын оқырманға ұсынды.

Ә.Нұршайықов шығармашылығының мол мұрасы 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан таңдамалы шығармаларының он томдығында тұтастай жинақталып берілді. Көзі тірісінде әдеби мұрасының шашауын шығармай келешек ұрпаққа жиып-теріп беруі жазушының өз еңбегіне де, ұрпақ алдындағы борышқа да жауапкершілікпен қарауы деп бағалағанымыз абзал.

Қорытынды

Әзілхан Нұршайықовты журналист-жазушы дейміз. Өйткені ол – журналистиканың барлық соқпақтарынан өтіп, публицистикалық мақалаларымен қоғамдық пікірге әсер етіп, гуманистік идеяларды қалыптастыруға зор үлес қосқан қаламгер. Журналист-қаламгер қаламынан туған «Алыс ауданда», «Тың астығы», «Жомарт өлке» сияқты көптеген очерктер жинағының, «Махаббат жыры», «Алтын соқпақ», «Батырдың өмірі», «Мен журналиспін» атты публицистикалық топтамалардың, «Автопортрет», «Жамбылға хат» әскери естеліктер, «Қаламгер және оның достары», «Өмір өрнектері», «Екі естелік» тағы басқа да көптеген кітаптары журналистика мен әдебиет саласында құнды дүниелер ретінде қазақ халқының рухани қазынасына айналды.

Әзілхан Нұршайықовтың публицистикалық еңбектері тақырыбы мен түрі жағынан да әралуан болып келді. Очерк, очерк-интервью, естелік, күнделік, сұхбат, хат, репортаж, хабарлар, корреспонденция, этюд, суреттеме, жазбалар фельетон, рецензия, сын т.т. Журналистиканың көптеген жанрында қалам тарта жүріп, өзіндік дара стилін қалыптастырды. Ондағы өмірлік фактілер, деректер автордың жеке тәжірибесі, көзқарастары, талдау мен бағалауларымен аста-

сып, эмоциялық бояулармен әрленіп отырды. Осылай оның публицистикасында авторлық субъективтілік маңызды факторға айналады. Қорыта айтсақ, Әзілхан Нұршайықовты қазақ журналистикасында авторлық ұстанымдары мен авторлық танымын таныта алған дара журналист-қаламгер, сан қырлы шығармашылық тұлға деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер

- Bob Woodward: March 12, 2013. ECSU Arts and Lecture Series
Klein, N. No Logo: 4 December, 1999. Picador USA
Glenn Greenwald. “With Liberty and Justice for Some: How the Law Is Used to Destroy Equality and Protect the Powerful”.
2011. Metropolitan Books
Қамзин К. Қазақ көсемсөз жанрларының кемелдену үдерісі. Монография. – Алматы: Экономика, 2009.- 400 б.
Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. Т.4. – 416 б.
Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. Т. 7. – 384 б.
Нұршайықов Ә. Жамбылға хат: Әскери естеліктер, – Алматы, 1996. – 214 б.
Әйгілі Әзаға. Естеліктер мен эсселер. Құрастырушы М.Тоқтағазин – Астана: Фолиант, 2012. – 552 бет.
Қалқабәева С. Көркем шығарма поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 234 б.
Қалқабәева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 168 б.
Тоқтағазин М. Заманасөз заңғары. – Астана, 2022. – 144 б.
Тоқтағазин М. Деректілік пен көркемдік. – Алматы: Арна, 2012. – 192 б.
Тұрысбек Р. «Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы». – Алматы, 2005. – 274 б.
Әзілхан Нұршайықов және қазақстандық журналистиканың өзекті мәселелері» республикалық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Астана. 27 қыркүйек, 2013 жыл.
Әзілхан Нұршайықов және журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Астана. 14 желтоқсан, 2022 ж.
Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы, 2002. – 352 б.
Johann Göte. “Poetry and Truth”. Stuttgart, 1833.

References

- Aygili Azaga (2012) Estelikter men esseler. [Famous Azaga. Memoirs and essays]. Astana, Foliant, 552 p. (in Kazakh)
Azilkhan Nurshaikov zhane kazakhstandyk zhurnalistikanyñ ozekti maseleleri. [Azilkhan Nurshaiykov and actual problems of Kazakhstani journalism]. Astana, International Scientific-Practical Conference, September 27, 2013.
Azilkhan Nurshaikov zhane zhurnalistika men adebiettanudyn ozekti maseleleri. [Azilkhan Nurshaiykov and actual problems of journalism and literary studies]. Astana, International scientific-practical conference, December 14, 2022.
Greenwald G. (2011) With Liberty and Justice for Some: How the Law Is Used to Destroy Equality and Protect the Powerful. Metropolitan Books.
Johann Göte. (1833) Poetry and Truth. Stuttgart.
Kalkabaeva S.A. (2019) Korkem shygarma poetikasy. [The Poetics of a Work of Art]. Almaty, 234 p. (in Kazakh)
Kalkabaeva S.A. (2004) Azilkhan Nurshaikov prozasyndagy adamgershilik izdenister. [Moral Quests in the Prose of Azilkhan Nurshaikov]. Almaty, Kazygurt, 168 p. (in Kazakh)
Kamzin K. (2009) Kazakh kosemsoz zhanrlarynyn kemeldenu uderisi. [Development process of Kazakh proverb genres]. Almaty, Ekonomika, 400 p. (In Kazakh)
Klein, N. (1999) Picador USA, No Logo: 4 December.
Nurshaikov A. (2005) Tandamaly shygarmalarynyn on tomdygy. [Ten volumes of selected publications]. Almaty, Kazygurt, vol. 4. 416 p. (in Kazakh)
Nurshaikov A. (2005) Tandamaly shygarmalarynyn on tomdygy. [Ten volumes of selected publications]. Almaty, Kazygurt, vol. 7. 384 p. (in Kazakh)
Nurshaikov A. (1996) Zhambylga khat: Askeri estelikter. [Letter to Zhambyl: Military memoirs]. Almaty. 214 p. (in Kazakh)
Toktagazin M. (2012) Derektilik pen korkemdik. [Documentary and artistic]. Almaty, Arna, 192 p. (in Kazakh)
Toktagazin M. (2022) Zamanasoz zangary. [Modern word lawyer]. Almaty, 144 p. (in Kazakh)
Turyzbek R. (2005) Azilkhan Nurshakovtyn shygarmashylyq murasy. [Creative heritage of Azilkhan Nurshaiykov]. Almaty, 274 p. (in Kazakh)
Woodward B. (2013) ECSU Arts and Lecture Series, March 12.
Zhakyp B. (2004) Kazakh publicistikasynyn kalyptasu, damu zholdary. Genезis, evolyuciya, poetika. [Ways of formation and development of Kazakh journalism. Genesis, evolution, poetics]. Almaty, 352 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы – (корреспондент автор), филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: sk.61@mail.ru).

Алмас Ләйла – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: leilalmas0805@gmail.com).

Темірғали Көпбаев – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: timurgali.kopbayev@kaznu.edu.kz).

Information about authors:

Kalkabaeva Salyma Abdramanovna – (corresponding author), Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Candidate (Ph.D.) of Philological sciences, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sk.61@mail.ru).

Almas Laila – is a doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: leilalmas0805@gmail.com).

Timurgali Kopbayev – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: timurgali.kopbayev@kaznu.edu.kz).

Келіп түсті: 24 ақпан 2024 жыл
Қабылданды: 28 сәуір 2024 жыл

I.A. Bykov^{1*}, **I.A. Gladchenko²**¹ St Petersburg State University, Russia, St Petersburg² Moscow State University, Russia, Moscow

*e-mail: i.bykov@spbu.ru

DEEFAKE PROBLEM IN DIGITAL COMMUNICATION: RESEARCH APPROACHES IN RUSSIA

The aim of this article is to examine current research approaches deployed by scholars in Russia to study deepfakes in digital communication. The article uses the method of meta-analysis based on the database of the electronic resource eLIBRARY.RU – the leading electronic library of scientific periodicals in Russian. It provides an open access to a large amount of scientific information. eLIBRARY.RU maintains the Russian Scientific Citation Index with the most reliable information in terms of finding publications on the topic of deepfakes. The search was carried out using the key word “deepfake”. As a result of the search 560 publications in Russian have been found. The sample contains 159 publications, which have been cited at least once. The authors compose a classification of cited materials by topic. It has been found that deepfakes have been studied in Russia largely within legal studies (53 % of all cited publications). Publications in political science, media and communications make up 9% and 10% respectively. The lowest number of publications is in the field of information technology and sociology. According to the results of the study, it can be stated that research problem of deepfakes is relatively new for the field of communication research in Russia. At the same time, a rapid increase of research interest to the subject has been found. On the basis of the results obtained, it is concluded that studies of deepfake in digital communication in Russia lack empirical data.

Keywords: deepfake, digital communication, trust in media, mass media, Russia, fake news.

И.А. Быков^{1*}, И.А. Гладченко²¹Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей, Санкт-Петербург қ.²Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей, Мәскеу қ.

*e-mail: i.bykov@spbu.ru

Цифрлық коммуникациядағы жасанды интеллект көмегімен жасалған бейнені синтездеу мәселесі: Ресейдегі зерттеу тәсілдері

Мақаланың мақсаты – орыстілді ғылыми басылымдар арасында цифрлық коммуникацияда жасанды интеллект көмегіне жүгіну жөніндегі ғылыми пікірталастардың қазіргі тенденцияларын анықтау. Негізгі зерттеу әдісі арнайы әдебиеттерді мета-талдау болды. Талдау Ресейдің eLIBRARY.RU электронды кітапханасының мәліметтер базасы негізінде жүргізілді. eLIBRARY.RU – ғылыми ақпараттың үлкен көлеміне ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін әлемдегі орыс тіліндегі ғылыми мерзімді басылымдардың жетекші электронды кітапханасы. Ресейлік ғылыми дәйексөздер индексімен (РИНЦ) интеграция таңдалған тақырып бойынша жарияланымдарды іздеу тұрғысынан ең сенімді ақпаратты қамтамасыз ететін дерекқорды қарастыруға мүмкіндік береді. Тиісті басылымдарды іздеу «deepfake» кілт сөзі арқылы жүргізілді. Іздестіру нәтижесінде орыс тіліндегі 560 басылым табылды. Жасанды интеллект туралы алғашқы зерттеулер 2018 жылы жарияланды. 560 жарияланымның 159-ында кем дегенде бір сілтемесі бар екені анықталды. Мәтіндерге аннотацияларға, жарияланымдар мен басылымдардың атауларына сүйене отырып, тақырып бойынша сілтеме жасалған материалдарды жіктеу жүргізілді. Басылымдардың ең көп үлесі заң саласында және 53 пайызды құрайды. Саясаттану, БАҚ және коммуникация салаларындағы жарияланымдар сәйкесінше 9% және 10% құрайды. Ең аз басылымдар ақпараттық технологиялар мен әлеуметтану саласында байқалады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жасанды интеллект көмегін қолдануды зерттеу мәселесі коммуникациялар саласы үшін де, білімнің басқа салаларында да салыстырмалы түрде жаңа бағыт екенін айтуға болады. Қазіргі уақытта басылымдар саны да салыстырмалы түрде аз. Сонымен қатар, тақырыпқа деген қызығушылықтың жылдам артуы байқалады. Жасанды интеллект көмегін қолдануға мүмкіндік беретін технологияның өзі жақында пайда болғаны анық. Алайда оны қолданудың мысалдары жеткілікті. Алынған нәтижелер негізінде цифрлық коммуникациялардағы жасанды интеллект

көмегі мәселесі бойынша зерттеу жүргізудің келешегі туралы қорытынды жасалады және зерттеудің ықтимал бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық коммуникация, БАҚ-қа сенім, БАҚ, Ресей, фейк жаңалықтар.

И.А. Быков^{1*}, И.А. Гладченко²

¹Санкт-Петербургский государственный университет, Россия, г. Санкт-Петербург

²Московский государственный университет, Россия, г. Москва

*e-mail: i.bykov@spbu.ru

Проблема дипфейков в цифровой коммуникации: исследовательские подходы в России

Цель статьи заключается в выявлении актуальных тенденций научной дискуссии по вопросам использования дипфейков в цифровой коммуникации среди русскоязычных научных публикаций. Основным методом исследования стал мета-анализ специальной литературы. Анализ проводился на основе базы данных электронной российской библиотеки eLIBRARY.RU – ведущей мировой электронной библиотеки научной периодики на русском языке, дающей открытый доступ к большому количеству научной информации. Интеграция с российским индексом научного цитирования (РИНЦ) позволяет считать базу лидером по предоставлению наиболее достоверной информации для поиска публикаций по выбранной тематике.

Поиск релевантных публикаций производился по ключевому слову «дипфейк». В результате было обнаружено 560 публикаций на русском языке. Первые работы по исследованию дипфейков были опубликованы в 2018 году. Установлено, что из 560 публикаций у 159 есть хотя бы одно цитирование. На основе аннотаций к текстам, названий публикаций и изданий была проведена классификация цитируемых материалов по темам. Наибольшая доля публикаций составляет 53% и находится в юридической плоскости. Публикации в области политических наук, медиа и коммуникаций составляют 9% и 10% соответственно. Наименьшее количество публикаций наблюдается в области информационных технологий и социологии.

По результатам исследования можно констатировать, что проблематика исследования дипфейков сравнительно новая и для области коммуникативных исследований, и для остальных областей знания также. Количество публикаций на данный момент сравнительно невелико. При этом заметно стремительное возрастание интереса к тематике. Очевидно, что сама по себе технология, позволяющая создавать дипфейки, возникла не так давно. Но уже есть достаточно примеров её применения. На основе полученных результатов делается вывод о перспективности проведения исследований по проблеме дипфейков в цифровой коммуникации и предлагаются возможные направления исследований.

Ключевые слова: дипфейк, цифровая коммуникация, доверие к СМИ, средства массовой информации, Россия, фейковые новости.

Introduction

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №447 Қаулысымен бекітілген Актілер жинағында Жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустрияларға жатқызуға арналған өлшемшарттары көрсетіледі (Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Актілер жинағы., 2023). Онда экономикалық қызмет түрлері ретінде конференциялар мен сауда көрмелерін ұйымдастыру, зергерлік іс, кино және анимация, кітапханалар мен музейлер, концерт және театр залдарының қызметі, тарихи орындар мен ғимараттардың, музыкалық дыбыс жазу мен музыкалық шығармаларды орындау, музыкалық аспаптар өндірісі, сәулет және сән қызметі, телевизиялық бағдарламалар жасау және оны тарату, фотография саласы, халық кәсіпшілігі, ағаштан декоративтік бұйымдар жасау, ертоқым бұйымдарының өндірісі, сағаттардың барлық түрлерінің өндірісі, тасты кесу, өңдеу, IT бағдарламалық және компьютерлік ойындар шығару салалары көрсетіліп, бекітілген.

Журналист Зейін Ерғалидың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Креативті экономика: өнерді өрге жүздіру» (Ерғали З., 2023) атты мақаласында Қазақстандағы креативті индустрияның экономикаға қосатын

үлесін 5 пайызға жеткізудің жоспарға енгізілгендігі туралы айтылып, шығармашылық өнімнен пайда табудың маңыздылығы ашылды. Мақалада қазіргі технология дамыған заманда экономиканың басты даму көзі ретінде азаматтардың білімі мен интеллектуалдық ой-өрісі, ой мен қиялдан туған өнім мен контент жайында сөз қозғалады. Сондықтан осы ретте әлем елдеріндегідей біздің мемлекеттің саясаты да ең тиімді инвестицияны адам капиталына құю ұстанымын берік қалыптастыру керек. Қазір ең алдыңғы қатарлы мемлекеттер өзі шикізат сатудан гөрі азаматтардың «ақылын» сатудан көп пайда көріп жатыр. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жер шарының халқы осы саладан жылына 2,3 трн.доллар табыс табу мүмкіндігіне ие болса, еліміздегі креативті кеңістікті толықтыру жүйесі өз дәрежесіне жетпеген. Бірақ соған қарамастан креативті контент жасайтын азаматтар саны арта түсуде. Мысалы, музыка, IT, анимация, жаңа медиа салаларында жүйелі өзгерістер бағыт алып келеді.

Мақала авторы еліміз креативті индустрияның тұжырымдарын қабылдағанмен, оның басты кемшіліктері турасында былай дейді: – «Біздіңше, креативті экономиканың дамуына дәл қазір ең басты кедергі мемлекеттік органдар болып отыр. Себебі біздің ұлттық экономикада әлеуеті бар жаңа саланы дамытудан гөрі, қатып қалған ескі саясатты жалғастырып жатыр. Мәселен, мәдениет саласына жылына миллиардтарды босқа шашамыз. Қаншама халық көрмейтін фильмдер, бармайтын концерттер, пайдасы жоқ, мағынасыз зиялы қауым өкілдерінің іс-шаралары бюджет есебінен қаржыландырылады» (Ерғали З., 2023 а: 9 б). Шынында да қазір елімізде мәдениетті қолдау маңызды болып отыр. Кеңестер кезінде мәдениет әлеуметтік сала ретінде ғана саналса, қазір экономика мен сыртқы саясатқа да әсер ете алады. Сондықтан мәдениетті басқару тетіктеріне арналған жаңа әдіс-тәсілдер, яғни креативті идеяларды ойлап табу қажет. Елімізде жоғарыда тоқталып өткен Актілер жинағында креативті идеяларға арналған нақты бағыттар мен оның салалары нақтыланып көрсетілді. Ұлттық Экономика министрлігі мен Ұлттық статистика бюросы заңға сәйкес креативті экономиканың 14 бағытын дамыту үшін 55 қызмет түрін ұсынды. 2022 жылы қазақстандық шығармашыл азаматтар «Kazakh Tourism» компаниясы мен министрліктің қолдауымен «Creative табыс тарихы» жобасына қатысты. Талантты жастарға «Креатив индустрия амбассадорлары» атағы

берілген. Бұл жөнінде: «Қазіргі жастарымыз әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеден қорықпайды. Өздеріне сенімді. Олардың қиялдарында шек жоқ әрі табысқа жету үшін не істеу керек екенін анық біледі» (Ерғали З., 2023 а: 10 б). – дейді Ұлттық БАҚ Қауымдастығының төрағасы Кемелбек Ойшыбаев.

Жобаға қатысқан шығармашылазаматтардың бірі Бабыр Арғынов қолөнер шеберлігімен көзге түскен. Ол көне технологиямен қойдың, ешкінің ішегін өңдеп ұлттық аспаптарға ерекше үн беруге тырысқан. Пандемия кезінде «Қоңыр» атты шеберхана ашып, түркі тілдес елдер мен Еуропаның аспаптарының ішегін зерттей бастаған. Оның жасалу технологиясын меңгеріп, жасалған табиғи ішектердің төзімділігінің жоғары болатындығын байқаған. Мысалы, мал сойылған соң адамдар оның ішегін қоқысқа лақтыра салады. Олар керісінше, мал соятын жерлерге арнайы барып, ішектерді жуып, таза лап, оны шеберханаға әкеліп, өз технологиясымен өңдей білген.

Бүгінгі таңда Бабыр Арғынов айына шамамен 300-500-дің көлемінде ішектерді әзірлеп, оның сұранысын арттырып отыр. Тапсырыстар Түркия, Әзербайжан, Еуропа елдерінен де түскен. Олар жақында әлемге танымал «Тұран» этнографиялық ансамблімен де бірігіп, жобаны жалғастырмақ. Болашақта ансамбль табиғи ішектерден жасалған домбыра, шертер, жетіген сияқты аспаптармен шығармалар орындауды жоспарлап отыр. Қазіргі аспаптарда «гучжэн» деп аталатын немесе нейлонды ішектер қолданылып жүр. Ал қобыздарда скрипканың ішектері салынған. Егер оның орнына табиғи ішектер салынса оның дыбысы ерекше болатыны сөзсіз (Ерғали З., 2023 а: 10 б).

Жобада ұшқыр қиялымен көзге түскен заманауи өнер суретшісі Мансұр Смағамбетов болды. Ол өзінің «Мәсі» деп аталатын бастамасын таныстырған. Оның айтуынша, Лондонда орналасқан әлемдегі ең танымал Британ музейінде ХХ ғасырдағы «Мәсі» бейнесі артефакт ретінде қойылыпты. Бұл «Мәсінің» Қазақстанның Жетісу ауданынан табылғандығы өнер иесінің қиялына ерекше бір идея дарытады. Сондықтан қазақтың ұлттық нақыштағы дүниесі өз жерімізде орын тапса деген ой түйеді. Идея авторы өз туындыларында қазақтың ұлттық кодын сақтап қалатын жобаларға ерекше мән береді. Осы ретте ол креативті экономикаға үлес қосу мақсатында көшпелілер мәдениетінің жарқын көрінісі болып саналатын Лондондағы мәсінің мүсінін туристерді тартатын бір нысан

ретінде де өз жерімізде қоюды ұсынады. Қорыта айтқанда, креативті экономикаға үлес қосатын қиялы биік жастардың еңбегіне зор сеніммен қарап, мемлекет тарапынан лайықты қолдау көрсетудің маңызы арта түскен абзал.

Қорытынды

Шығармашылық индустрияны әлем елдері дағдарысқа қарсы құрал ретінде пайдалануды дұрыс деп санайды. Халықаралық деңгейде бұл саланың экономика мен мәдениет саласындағы шығыстардың өсуіне және индустриялық-инновациялық дамытуды нығайтуға үлесі зор. Креативті индустрияны енгізу арқылы жана жұмыс орындары ашылып, қоғамның дамуы мен тұрақтылығы артып, «шығармашылық экономика» қалыптасады. Инновациялық білім беру бағдарламалары құрастырылып, тиімді мәдени саясат іске асырыла бастайды. Дәстүрлі жұмыс орындарының қысқаруы арта түседі.

Зерттеуші, ғалым Е. Петренконың ұжымдық авторлармен жарыққа шығарған «Креативті индустрияны басқару» атты оқу құралындағы деректерге сүйенсек, онда Стив Джобс табысының 30%-ы инженерлік және математикалық ойлардан түскен. Ал 70 %-ы жаңа дизайн жасай алатын бір өнім аясында жаңа техникалық мүмкіндіктерді байланыстыратын және оның қажеттіліктерін болжай алатын адамдардың басқа гуманитарлық дағдыларына сәйкес келетіндігін айтады (Петренко Е., 2022).

Қазақстанда соңғы 5-10 жылда 239 жаңа кәсіптің түрі пайда болып, оның 95 – і трансформацияға ұшыраған. 129 кәсіпке мүлдем жойылып кету қаупі туған (Для чего был создан Атлас новых профессий Казахстана, 2024).

Сауда және даму жөніндегі БҰҰ конференциясы UNCTAD мәліметтеріне сүйенсек, 2002 жылдан әлем бойынша креативті тауарлардың экспорты мен импорты 2 есе өскен. Дамыған елдер болса креативті экономиканы экономиканың жетекші саласы ретінде таныды. Дәстүрлі салалар мен ауыл шаруашылығын ығыстырып, тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізді. Халықты жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі қалыптасты. Жапония 2010 жылы Экономика және өнеркәсіп министрлігінде Cool Japan тұжырымдамасын қабылдайды. Жапон экономикасын жандандырудағы шығыс индустриясының рөлі айқындалып, креативті индустрия мемлекеттің «жұмсақ күші» ретінде қолданыс тапты. Креативті индустрия арқылы қалалар мен өңірлерге қаражат тартып,

жергілікті нарықты ынталандырды (Петренко Е., 2024 а: 14 б].

«Креативтіліктің жаһандық рейтингі» (Global Creativity Index – 2015) зерттеуі креативті индустриялардың мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткішін «3Т» (талант, технология, толеранттылық) белгісімен бағалайды. Мәселен, 139 елдің осы критерийлер негізінде креативтілігі айқындалған.

Шығармашылық кеңістікті басқару технологиясы туралы зерттеулер жүргізген ғалым Д. Суховская адамдардың өзін-өзі еркін түрде көрсете алатын арнайы аумағының болуын маңызды деп санайды. Ғалымның пікірлеріне сүйенсек: «Креативті кеңістікті құрудың мақсаты – шығармашыл жастарды оқытып, түрлі дағдылармен алмасу, тәжірибе жасау, өзіндік көзқарас қалыптастыру үшін қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Шығармашыл кеңістікте адамдар білім беру қызметін орындап, түрлі мәдени іс-шараларға арналған алаң ретінде көрмелер ұйымдастырып, фильмдер көрсетеді. Шығармашылық кеңістіктің түрлеріне коворкинг, арт-орталықтар, арт-кварталдар, өнер орталықтары жатады (Суховская Д., 2013)».

Шығармашылық кеңістік ұғымы туралы ғалым: «Бұл – қаланың қолжетімді орындары, онда адамдар өз ойын еркін білдіріп, идеялар ұсынады. Өз жұмыстарын басқаларға көрсете алады. Ерекше өнімдерді жасаушы ретінде көрінеді», – дейді. Ал зерттеуші Г.Литвинцкая: «Шығармашылық кеңістік дегеніміз тек институционалды және ұйымдастырылған нысандар ғана емес, сонымен қатар адамдардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған кез келген оқиға немесе спектакль болуы мүмкін» (Петренко Е., 2024 а: 17 б]., – деген ой түйіндейді.

2018 жылы Алматыда Британдық кеңес Ауылшаруашылығы институтымен бірлесіп, Қазақстандағы креативті индустрияларға зерттеулер жүргізді. Онда заңды тұлғаларды тіркеу, жұмыспен қамту, жалақы сияқты маңызды деректер көрсетілді. Қазақстанда креативті индустрияға арналған 17,5 мың кәсіпорын

жұмыс істейді. Кәсіпорындар арасында 2,1 % – көтерме және бөлшек сауда, 33,8 % – ақпарат және байланыс, 47,4 % – кәсіби ғылыми және техникалық қызмет, 9 % – өнер, ойын-сауық салалары бар.

Қазақстандағы British Council, өнер және креативті экономика жөніндегі жобалардың жетекшісі Галина Корецкаяның пікірлеріне сүйенсек, көлеңкелі экономиканың әсерінен адамдардың еңбекақысы мен жұмыспен қамтылуын, олардан түсетін табыс көлемін есептеу қиындықтар тудырады. Сонымен қатар елімізде креативті секторларда фрилансерлар жұмыс істейді (Кузнецова П., 2024).

Қазақстанда креативті экономиканың дамуы жөнінде ҚР Президентінің 2021 жылғы Жолдауында креативті индустрияны қолдау Қорын құру туралы айтылып өтеді. Соңғы 10 жылда креативті индустрия саласына салынған инвестицияның көлемі 4 есеге ұлғайған. Оның ҚР экономикасына қосқан үлесі 2,7 %. Осы салаларға арналған ҚР Үкіметінің қабылдаған 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында оны іске асырудың жаңа тәсілдері көрсетілді.

Алматы қаласында креативті индустриялар саласында табысқа жеткен инфрақұрылымдық жоба Alatau креативті Хабы жұмыс істейді. Онда 700 – ге жуық адамға тегін шығармашылық үйірме мен шеберлік дәрістері ұсынылады. Сонымен қатар медиатека, Art Bi білім беру көрме орталығы іске қосылған.

Мәдени экономика тақырыбын зерттеуші, профессор Энди Праттың айтуынша, Қазақстандағы шығармашылық сектордың көлемін анықтауда қиындықтар көп. Мемлекет креативті индустриясы бар елдерді қолдаушы рөл атқаруы керек. Тек бақыламауы тиіс әрі не істеу керектігін ұсынбауы қажет. Заң шығарушы және басқару органдары креативті экономика деген не және оның мақсаты неде екенін түсіну керек. Сарапшылардың айтуынша, мемлекеттің басты атқаратын рөлі шығармашыл сектор өкілдері шоғырлана алатын алаңдар құрып, олардың өз идеяларын пысықтай алатын мүмкіндіктер жасауы маңызды болмақ.

Әдебиеттер

- Айтжанбайқызы Г. Креативті экономика – өзгеріс өлшемі. //Егемен Қазақстан, 8 қараша, 2022.
- Благова И. Зарубежный опыт развития креативных индустрий //Проблемы современных социокультурных исследований: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференций 27 октября, 2020. – Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2020, – с 45-48.
- Быкай Ф. Креативті экономика – қандай экономика? // Егемен Қазақстан, 25 қазан, 2021.
- Бүркітбай М. «Корей толқыны» жаһанды қалай тербетеді? Егемен Қазақстан, 27 желтоқсан, 2021.

- Балгабаев С. Креативті индустрия: әдебиет және өнер //Қазақ әдебиеті, 15 қыркүйек, 2023.
- Deuze, M. (2007). Convergence culture in the creative industries. *International Journal of Cultural Studies*, 10(2), 243-263 p. https://www.andreadeak.com.br/pdf/cultura_convergencia_industria_criativa.pdf. (Accessed: 20.02.2024)
- Для чего был создан Атлас новых профессий Казахстана. URL:<https://inbusiness.kz/ru/last/dlya-chego-by-l-sozdan-atlas-novyh-professij-kazahstana> [Электронный ресурс]. (дата обращения:12.02.2024)7
- Grodach, C. (2013). Cultural economy planning in creative cities: Discourse and practice. **International Journal of Urban and Regional Research**, 37(5), 1747-1765 p. https://eprints.qut.edu.au/74431/1/Grodach_forthcoming_CE_Discourse_IJURR.pdf. (Accessed: 20.02.2024).
- Ергали З. Креативті экономика: өнерді өрге жүздіру. //Егемен Қазақстан, 28 сәуір, 2023.
- Флорида Р. Креативный класс: люди, которые меняют будущее. – Москва: ИД «Классика – XXI», 2007, -324 с.
- Жусупова А. Развитие креативной экономики: зачем нам это надо? [Электронный ресурс], URL:<https://ekonomist.kz/wp-content/uploads/2020/02/Развитие-креативной-экономики-зачем-нам-это-надо-scaled.jpg>, Ekonomist.kz, (дата обращения: 05.01.2024).
- Хокинс Д. Креативная экономика. – Москва: ИД «Классика – XXI», 2011, -322 с.
- Как развивается креативная экономика в Казахстане [Электронный ресурс]. URL: <https://forbes.kz/woman> (дата обращения: 02.02.2024).
- Кузнецова П. 10 самых востребованных компетенций будущего URL:<https://is20-2019.susu.ru/kuznetsova/2020/03/02/10-samyh-vostrebovannyh-kompetencij-budushhego/> 2.03.2020. [Электронный ресурс]. (дата обращения: 12.02.2024).
- Khlystova, O. (2023). Toward Sustainable Recovery and Inclusive Growth of the Creative Economy in a Post-COVID-19 World. https://www.researchgate.net/profile/Avril-Joffe/publication/361463635_How_Governments_Could_Better_Engage_with_the_Working_Practices_of_the_21st_Century_Creative_Economy/links/62b2f8e389e4f1160c92f624/How-Governments-Could-Better-Engage-with-the-Working-Practices-of-the-21st-Century-Creative-Economy.pdf#page=228 (Accessed: 20.02.2024).
- Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Актілер жинағы. – Астана, 2023.
- Лендри Ч. Креативный город. – Москва: ИД «Классика – XXI», 2006, -399 с.
- Lee, H. K. (2017). The political economy of ‘creative industries’. *Media, Culture & Society*, 39(7), 1078-1088 p. https://kclpure.kcl.ac.uk/ws/portalfiles/portal/60966711/HKLee_Political_economy_of_creative_industries_accepted_version_13112016_.pdf (Accessed: 20.02.2024).
- Pratt, A. C. (2011). The cultural economy: A call for spatialized ‘production of culture’ perspectives. *International Journal of Urban and Regional Research*, 35(1), 128-139 p. <https://openaccess.city.ac.uk/id/eprint/12248/1/> (Accessed: 20.02.2024).
- Pratt, A. C. (2008). Creative cities: the cultural industries and the creative class. **Geografiska Annaler: Series B, Human Geography**, 90(2), 107-117 p. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/pdf/10.1111/j.1468-0467.2008.00281.x>
- Popiel, P. (2017). The tech lobby: Tracing the contours of new media elite lobbying power. **Communication Culture & Critique**, 11(4), 566-585 p. https://www.researchgate.net/profile/Pawel-Popiel/publication/331049004_The_Tech_Lobby_Tracing_the_Contours_of_New_Media_Elite_Lobbying_Power/links/5ef345a44585153fb1b0b2bd/The-Tech-Lobby-Tracing-the-Contours-of-New-Media-Elite-Lobbying-Power.pdf. (Accessed: 20.02.2024).
- Петренко Е., Королева А., Шаймерденова Р. Креативті индустрияны басқару. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2022. -63 б.
- Сағынтаев Б. Алматы: креативті экономиканы дамыту перспективалары. //Алматы ақшамы, 5 қазан, 2021.
- Суховская Д. «Қаланың креативті кеңістігі: лофтар, коворкинг аймақтары, арт аумақтар арқылы халықтың шығармашылық өлеуетін іске асыру //Молодой ученый. №10, 2013. – 650-652 б.
- Садыкова Э. Креативті экономика: әлемдік тәжірибе және Қазақстан. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. 2021. №4, 92-102 бб.
- Tokbaeva, D. (2017). Creative Industries and Creative Economy: Taking Stock and Moving Forward. **Journal of Creative Industries and Cultural Studies (JOCIS)**, 9, 129-132 p. <https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=9022176>. (Accessed: 20.02.2024).

References

- Aitjanbaiqyzy G. Kreativti ekonomika – ozgeris olshemi [Creative economy is a measure of change] //Egemen Kazakstan, 8 qarasha, 2022.
- Blagova I. Zarubezhnyj opyt razvitiya kreativnyh industrij //Problemy sovremennyh sociokulturnyh issledovanij: sbornik nauchnyh trudov po materialam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencij 27 oktyabrya, 2020. [Foreign experience in the development of creative industries // Problems of modern sociocultural research: a collection of scientific papers based on the materials of the International Scientific and Practical Conference October 27, 2020]. – Belgorod: OOO Agentstvo perspektivnyh nauchnyh issledovanij (APNI), 2020, – s 45-48.
- Буқай Ф. Kreativti ekonomika – qandai ekonomika? [Creative economy – what kind of economy?] // Egemen Kazakstan, 25 qazan, 2021.
- Burkitbai M. «Korei tolqyny» jahandy qalai terbedeti? [How will the “Korean wave” shake the world?] //Egemen Kazakstan, 27 jeltoqsan, 2021.
- Balgabaev S. Kreativti industria: adebiet jane oner [Creative industry: literature and art] //Kazak adebieti, 15 qyrkuiek, 2023.
- Deuze, M. (2007). Convergence culture in the creative industries. *International Journal of Cultural Studies*, 10(2) 243-263 p. https://www.andreadeak.com.br/pdf/cultura_convergencia_industria_criativa.pdf. (Accessed: 20.02.2024).

Dlya chego byl sozdan Atlas novykh professij Kazakstana [Atlas of new professions of Kazakhstan was created for that purpose]. URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/dlya-chego-by-l-sozdan-atlas-novykh-professij-kazakstana> [Elektronnyj resurs]. (data obrashcheniya: 02.02.2024).

Grodach, C. (2013). Cultural economy planning in creative cities: Discourse and practice. *International Journal of Urban and Regional Research*, 37(5), 1747-1765 p. https://eprints.qut.edu.au/74431/1/Grodach_forthcoming_CE_Discourse_IJURR.pdf. (Accessed: 20.02.2024).

Ergali Z. Kreativiti ekonomika: onerdi orge juzdiru [Creative Economy: Bringing the Arts to Life]. //Egemen Kazakstan, 28 sauir, 2023.

Florida R. Kreativnyj klass: lyudi, kotorye menyayut budushchee [Creative class: people who change the future]. – Moskva: ID «Klassika – XXI», 2007, -324 s.

Zhusupova A. Razvitiye kreativnoj ekonomiki: zachem nam eto nado? [Development of the creative economy: why do we need it?]. [Elektronnyj resurs], URL: <https://ekonomist.kz/wp-content/uploads/2020/02/Развитие-креативной-экономики-зачем-нам-это-надо-scaled.jpg> Ekonomist.kz, 2020. (data obrashcheniya: 02.02.2024)

Hokins D. Kreativnaya ekonomika [Creative economy]. – Moskva: ID «Klassika – XXI», 2011, -322 s.

Kak razvivaetsya kreativnaya ekonomika v Kazakstane [How the creative economy is developing in Kazakhstan] [Elektronnyj resurs]. URL: <https://Forbes.kz/woman> (data obrashcheniya: 02.02.2024).

Kuznecova P. 10 samykh vostrebovannykh kompetencij budushchego [Atlas of new professions of Kazakhstan was created for that purpose]. URL: <https://is20-2019.susu.ru/kuznetsova/2020/03/02/10-samykh-vostrebovannykh-kompetencij-budushchego/> 2. 03. 2020. [Elektronnyj resurs]. (data obrashcheniya: 02.02.2024).

Khlystova, O. (2023). Toward Sustainable Recovery and Inclusive Growth of the Creative Economy in a Post-COVID-19 World. https://www.researchgate.net/profile/Avril-Joffe/publication/361463635_How_Governments_Could_Better_Engage_with_the_Working_Practices_of_the_21st_Century_Creative_Economy/links/62b2f8e389e4f1160c92f624/How-Governments-Could-Better-Engage-with-the-Working-Practices-of-the-21st-Century-Creative-Economy.pdf#page=228 (Accessed: 20.02.2024).

Kazakstan Respublikasy Prezidenti men Kazaqstan Respublikasy Ukimetinin Aktiler jinagy [Collection of Acts of the President of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2023. 233 b.

Lendri Ch. Kreativnyj gorod [Creative city]. – Moskva: ID «Klassika – XXI», 2006, -399 s.

Lee, H. K. (2017). The political economy of ‘creative industries’. Media, Culture & Society, 39(7), 1078-1088 p. https://kcl-pure.kcl.ac.uk/ws/portalfiles/portal/60966711/HKLee_Political_economy_of_creative_industries_accepted_version_13112016_.pdf (Accessed: 20.02.2024).

Pratt, A. C. (2011). The cultural economy: A call for spatialized ‘production of culture’ perspectives. International Journal of Urban and Regional Research, 35(1), 128-139 p. <https://openaccess.city.ac.uk/id/eprint/12248/1/> (Accessed: 20.02.2024).

Pratt, A.C. (2008). Creative cities: the cultural industries and the creative class. *Geografiska Annaler: Series B, Human Geography*, 90(2), 107-117 p. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/pdf/10.1111/j.1468-0467.2008.00281.x>

Popiel, P. (2017). The tech lobby: Tracing the contours of new media elite lobbying power. *Communication Culture & Critique*, 11(4), 566-585 p.

Petrenko E., Koroleva A., Shaimerdenova R. Kreativiti industriyani basqaru [Creative Industry Management]. Oqu quraly. – Karagandy: KarMU, 2022. -63 b.

Sagyntaev B. Almaty: kreativiti ekonomikany damyту perspektivalary [Almaty: prospects for the development of creative economy]. //Almaty akshamy, 5 qazan, 2021.

Suhovskaia D. Kalanyn kreativiti kenistigi: loftar, kovorking aimaqtary, art aumaqtar arqyly halyqtyn shygarmashylyq aleuetin iske asyru [Creative space of the city: realizing the creative potential of the people through lofts, co-working areas, art areas //Molodoi uchenyi. №10, 2013. – 650-652 b.

Sadykova E. Kreativiti ekonomika: alemdik tajiribe jane Kazakstan [Creative economy: world experience and Kazakhstan]. L. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. Ekonomika seriasy. 2021. №4, 92-102 bb.

Tokbaeva, D. (2017). Creative Industries and Creative Economy: Taking Stock and Moving Forward. *Journal of Creative Industries and Cultural Studies (JOCIS)*, 9, 129-132 p. <https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=9022176>. (Accessed: 20.02.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Майкотова Галия Глеубергеновна (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: e-mail: maikotova.galia1971@gmail.com);

Рамазанова Айгүл Әміргалиқызы – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: Aigulramazan65@mail.ru);

Әлмұхаметова Махаббат Құрмашевна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: mahabbat-almuhatmetova@mail.ru);

Жолдас Фариза Азаматовна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының I курс магистранты (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: Joldas.fariza@bk.ru);

*Ортай Жанерке Мұратханқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының 1 курс магистранты (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: zhanerke.ortay@gmail.com);*

Information about authors:

Maikotova Galiya (corresponding author) – candidate of philological sciences, associate professor of the press and electronic media department of the journalism faculty of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: maikotova.galia1971@gmail.com);

Ramazan Aigul – Doctor of Philology, Professor of the Department of Publishing, Editorial and Design Art, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Aigulramazan65@mail.ru);

Almukhametova Makhabbat – lecturer at the Department of Publishing, Editorial and Design Art, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mahabbat-almukhametova@mail.ru);

Zholdas Fariza – 1st year master's student of the Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Joldas.fariza@bk.ru);

Ortay Zhanerke – 1st year master's student of the Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanerke.ortay@gmail.com);

Келіп түсті: 19 қаңтар 2024 жыл

Қабылданды: 7 сәуір 2024 жыл

Г. Есімова¹ , Г. Әшірбекова^{1*} , З. Ермағанбетова² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

*e-mail: gaukharai@bk.ru

ПОСТШЫНДЫҚ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА: АНТИИНТЕЛЛЕКТУАЛИЗМ МЕН ПОПУЛИЗМ САЛДАРЫ

Мақала авторлары постшындық ұғымы жайлы ғылыми тұжырымдарды салыстыра талдай келіп, жалған ақпарат, манипуляция, үгіт-насихаттың қоғамдық санаға әсеріне айрықша назар аударады. Сондай-ақ постшындық дәуіріндегі медиадағы антиинтеллектуализм мен популизм көрінісін бірнеше кезеңге бөліп қарастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технология дәуірінде «жалған жаңалықтардың» ықпалы мен постшындық дәуіріндегі шынайы ақпаратқа деген сенімнің жоғалуының салдары жайлы тұжырым жасалады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – постшындық ұғымы жайлы ғылыми тұжырымдар мен ақпараттық кеңістіктегі популизм, антиинтеллектуализм мәселелеріне талдау.

Зерттеу барысында әлемдік саясат пен медиакеңістікте соңғы жылдары жиі айтылып, зерттеліп жүрген постшындық дәуіріндегі негізгі тенденциялар жайлы айтылады; медиакеңістікте «жалған ақпараттың» қоғамдық санаға әсері мен ықпалы, оның салдары талданады; сондай-ақ антиинтеллектуализм мен популизмнің медиадағы көрінісіне нақты мысалдар келтіріп, қоғамның қазіргі құндылықтары туралы түрлі пікірлер мен тұжырымдар салыстыра талданады.

Зерттеу жұмысының әдістемесі – постшындық дәуіріндегі медиакеңістіктегі жалған ақпарат, үгіт-насихат, манипуляция және т.б. әсер ету әдістеріне талдау, БАҚ жарияланымдарына контент, дискурс талдау, салыстырмалы анализ жасау, сондай-ақ жалған ақпаратты тану, әлеуметтік медиа пайдаланушыларының медиасауатын айқындау мақсатында сауалнама алу, әлеуметтанулық зерттеу әдістерін пайдалану арқылы қорытынды жасау.

Постшындық туралы зерттеулерге салыстырмалы талдау нәтижесінде отандық медиакеңістіктегі репрессия жылдарындағы және тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі ақпарат тарату мен сталиндік билік зардабы бетпердесінің ашылуы бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделенеді. Әлеуметтік медиадағы жалған ақпараттың қоғамдық сана ықпалына мысалдар келтіре отырып, дәстүрлі БАҚ-тың сапасы мен мазмұнын арттыруға қатысты ұсыныстар айтылды. Зерттеу нәтижесінде қоғам постшындық дәуіріне қалай және қандай салдармен келгеніміз туралы тұжырым жасалды.

Ғылыми еңбек саясаттану мен журналистика саласындағы пәнаралық байланыста қарастырылатын өзекті тақырыптардың бірі. Әлеуметтік медианың қоғамдық санаға ықпалы мен заманауи журналистика мәселелерін зерттеушілер арасында постшындық дәуіріне қатысты ғылыми зерттеу соңғы жылдары ғана айтылып келеді. Постшындық дәуіріндегі отандық медиада антиинтеллектуализм мен популизмнің салдарын тарихи оқиғалар негізінде жіктеуді зерттеудің ғылыми жаңалығы деуге болады.

Түйін сөздер: әлеуметтік медиа, қоғамдық сана, фейк, фактчек, манипуляция, пропаганда, антиинтеллектуализм, популизм.

G. Yessimova¹, G. Ashirbekova^{1*}, Z. Yermaganberova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Korkyt ata Kyzylorda State University, Kazakhstan, Kyzylorda

*e-mail: gaukharai@bk.ru

Media in the post-truth era: implications of anti-intellectualism and populism

The authors of the article compare and analyze the research concepts of post-truth and pay special attention to the consequences of false information, manipulation and propaganda on public consciousness. This study also considers the representation of anti-intellectualism and populism in the media in the post-truth era, divided into several stages.

Accordingly, conclusions are made about the influence of “fake news” in the era of information and communication technology and the consequences of the loss of trust in real information in the post-truth

era. The aim of the research is to analyze the concepts of post-truth and the issues of populism and anti-intellectualism in the information space.

In the course of the study, the main trends in the post-truth era, which have been frequently mentioned and studied in the world politics and media space in recent years, are discussed. Also, the impact and influence of “false information” in the media space on public consciousness and its consequences are analyzed. In addition, specific examples of anti-intellectualism and populism in the media are given, and different opinions and concepts about the current values of the society are compared and analyzed.

The methodology of the research work is based on the analysis of methods of influence of disinformation, propaganda, manipulation, etc. in the media space in the post-truth era. Moreover, content, discourse and comparative analysis of media publications in order to determine the media literacy of social media users and their ability to recognize false information were used. The study employed surveys, drawing conclusions using sociological research methods.

As a result, comparative analysis on post-truth determined the importance of information distribution in the domestic media during the years of repression before the independence and the consequences of Stalin’s rule for society. Giving examples of the influence of false information in social media on the public mind, recommendations were made to improve the quality and content of traditional media. Thereafter, a conclusion was made about how and with what consequences society has come to the post-truth era.

This research is one of the actual topics considered in interdisciplinary communication in the field of political science and journalism. Research on post-truth has been mentioned only in recent years among academics, who study the influence of social media on the public consciousness and modern journalism. A step-by-step analysis of the consequences of anti-intellectualism and populism in domestic media in the post-truth era can be considered a novelty of this study.

Keywords: social media, public consciousness, fake, fact-check, manipulation, propaganda, anti-intellectualism, populism.

Г. Есимова¹, Г. Аширбекова^{1*}, З. Ермаганбетова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Кызылординский университет имени КORKYT ата, Казахстан, г. Кызылорда

*e-mail: gaukharai@bk.ru

Медиа в эпоху постправды: последствия антиинтеллектуализма и популизма

Авторы статьи анализируют и сравнивают научные выводы о концепции постправды, также уделяют особое внимание последствиям влияния ложной информации, манипуляции и пропаганды на общественное сознание. Вместе с тем, рассматривается репрезентация антиинтеллектуализма и популизма медиа в эпоху постправды, разделенное на несколько этапов. Исследовано влияние на аудиторию СМИ «фейковых новостей» эпохи информационно-коммуникационных технологий и последствия утраты доверия к реальной информации в эпоху постправды.

Цель научной статьи – анализ научных концепций постправды, изучение проблем популизма и антиинтеллектуализма в информационном пространстве.

В ходе исследования обсуждаются основные тенденции эпохи постправды, которые часто упоминаются и изучаются в мировой политике и медиапространстве в последние годы; анализируется воздействие и последствия влияния «ложной информации» на общественное сознание. Также приводятся конкретные примеры антиинтеллектуализма и популизма в СМИ, сравниваются и анализируются различные мнения и выводы о текущих ценностях общества.

Методология исследования представлена анализом методов воздействия дезинформации, пропаганды, манипуляции, используемых в медиапространстве; контент-анализом дискурсивных концептов, сравнительным анализом публикаций в СМИ; опросом с целью определения уровня медиаграмотности и распознавания ложной информации пользователями социальных сетей; методов социологического исследования.

В результате сравнительного анализа исторических исследований постправды, определена значимость распространения информации в отечественном медиапространстве в годы репрессий и последствий сталинского правления для современного общества. На примерах влияния ложной информации на общественное сознание в социальных сетях были даны рекомендации по улучшению качества и содержания традиционных СМИ. В результате исследования был сделан вывод о том, как и с какими последствиями общество пришло к эпохе постправды.

Научная работа охватывает одну из актуальных тем, рассматриваемых в междисциплинарной связи в сфере политологии и журналистики. Научные труды эпохи постправды упоминаются лишь

в последние годы среди исследователей влияния социальных сетей на общественное сознание и современной журналистики. Научной новизной исследования можно считать поэтапный анализ последствий антиинтеллектуализма и популизма в отечественных СМИ в эпоху постправды.

Ключевые слова: социальные сети, общественное сознание, фейк, фактчек, манипуляция, пропаганда, антиинтеллектуализм, популизм.

Кіріспе

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде «жалған ақпарат», манипуляция, үгіт-насихат жүргізу арқылы қоғамды сендіріп, саяси сананы билеу деректеріне көптеп мысалдар келтіруге болады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде күн сайын жарық көретін ақпараттың шынайылығын тану мүмкін болмай отыр. Оған мысалды әртүрлі сайлаудан, пандемия кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарынан, сондай-ақ табиғи апат, төтенше жағдайлар мен танымал тұлғаларға байланысты түрлі «жалған ақпараттардан» кездестіреміз. Халық даналығында «тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер» деген мәтел постшындық саясатына сәйкес келеді. Сайлауда жеңіске жеткісі келген кандидат жағымды нәрсеге ғана назар аударады. Кей жағдайда өзекті мәселелерді жасыруға қарсы тұра алмайды. Сондықтан да үгіт-насихат кезінде мойындалмаған ақпаратты «өткізіп жіберу» әдісін қолдану, тексеруге және қарсы дәлелдерді анықтауға уақыт жетпейтін етіп жариялау секілді тәсілдердің ақпарат кеңістігінде жиі көрініс табуы постшындық дәуірінің нақты мысалы.

Постшындық мәселесін зерттеушілердің барлығы дерлік зерттеулерінде оның 2016 жылы Оксфорд сөздігінде «жыл сөзі» атануын алға тартады. Танымал саясаттанушы ғалым Хейвуд Эндрю «Саясаттану» оқулығында постшындық терминіне байланысты мынадай мәселеге назар аударуды ескертеді. «АҚШ-тағы 2016 жылғы президенттік сайлау жаңалықтарды басқаруды анағұрлым қарама-қайшы және түбегейлі бағытқа өзгертті. Нақты негіз болмаса да, сенсацияланған саяси жаңалықтардың пайда болу жиілігінің көбеюі, белгілі бір үміткерге зиян келтіретін жарияланымдардың немесе «жалған Soroush Vosoughi, Deb Roy, Sinan Aral (2018) жаңалықтар» ретінде кейбір оқиғалардың ескерусіз қалуына әкелетін жағдайлардың қайталануы себебінен саясат «постшындық» дәуіріне енгендей әсер қалдырады» (Хейвуд Эндрю., 2020)- деп жазады. Яғни постшындық саясаты жаһандық құбылысқа айналып отыр.

Цифрлық дәуірдегі қоғам алдында тұрған қауіп-қатерлердің бірі – жалған ақпаратпен

күресу. Қазіргі таңда фейк-ақпаратқа қатысты ғылыми зерттеулер жүргізіліп, оны анықтаудың, алдын алудың әдіснамасы қалыптасып, кеңінен таралуда. Соған қарамастан ақпараттың шынайылығын айқындауда әлі күнге сауатымыз кемшін екенін мойындауымыз керек. Мәселен, Soroush Vosoughi, Deb Roy, Sinan Aral (Soroush Vosoughi, Deb Roy, Sinan Aral., 2018) шынайы ақпараттан гөрі жалған жаңалықтың тез тарайтынын зерттеген. Ғалымдар Twitter (X) әлеуметтік желісінде 2006-2017 жылдар аралығында 126 000 жуық қауесетті 3 миллионға жуық адам таратқанын анықтаған. Жалған ақпарат аз уақыт ішінде 1000-100 000 адамға тараса, шынайы ақпарат 1000-нан астам адамға ғана жеткен. Жалған ақпараттың тез таралуына оның жаңалық дәрежесі мен пайдаланушылардың эмоционалды реакциялары әсер етуі мүмкін. Сондықтан да әлеуметтік желі пайдаланушылары жалған ақпаратты тез бөлісіп, таратуға тырысады. Өйткені адамдар желіде «қызықты» ақпаратты бөліскенде, әлеуметтік капиталды (жазылушылар мен лүпіл), оң пікірлерді және болашақтағы әрекетті қайталауға ынталандырады. Желідегі жалған ақпарат найзағай секілді жарқ етіп, бірден көзге түседі. Постшындық дәуірі шындықты жоғалтуымен сипатталады. Эмоционалды ақпаратты қабылдап, оны бөліскен адам көп ұзамай қанша дәлел келтірсе де, оған күмәндануы мүмкін. Сол себепті әлеуметтік желі пайдаланушылары ақпараттың дұрыстығын тексерумен өте сирек айналысады. Эмоционалды ақпарат мида ұзақ есте сақталады. Жалған ақпаратты бір рет болса да оқыған оқырман екінші немесе үшінші рет көргенде оның шындық екендігіне сенеді. Тіпті оқырманның саяси ұстанымына қайшы келсе немесе ақпаратты күдікті деп таныса да, оны шындық деп қабылдау ықтималдылығы жоғары. Бұрынғы жалған ақпараттың зияны бүгінгі күні біздерге әсер етуде. Сондықтан жалған ақпарат таратып, боттар қызметін пайдаланатындар қоғамды оңай басқарады.

Канадалық ғалымдар Gordon Pennycook, Tyrone Cannon, David G. Rand жалған ақпараттың алдын ала қабылдануын қарастырған ғылыми мақаласында (Pennycook, G., Cannon, T. D., &

Rand, D. G., 2018) жалған ақпарат феноменіне назар аударады. Жалған ақпарат сенімділігіне ықпал ететін механизм алдын ала әсер ету арқылы ауызша еркін сөйлеу деп көрсетеді. «Иллюзиялық шындық эффектісі» сенімділік деңгейінің төмендігіне қарамастан, тіпті оқырманның саяси идеологиясына сәйкес келмесе де, әлеуметтік медиа платформалар оны таратудың тиімді құралына айналып отыр. 2016 жылы Aljazeera араб халықаралық телекомпаниясының бұрынғы бас редакторы Ахмед Аль Шейхтің «Постшындық дәуіріндегі БАҚ» атты сараптамалық мақаласы (Ahmed Al Sheikh., 2016) жарық көрген. Автор мақаласында постшындық дәуірінде БАҚ қандай жетекші позицияны ұстанып, адамдардың сенімін, тұлғасын, беделін және ерекшелігін қалай сақтайды деген өткір сауалдарға жауап беруге тырысқан. Ол постшындық дәуірі туралы пікірлерін мынадай тұжырымдарымен түйіндеген: біріншіден, батыстың көптеген зиялылары дәріптеген либерализм, объективтілік, адалдық, адамзаттық ынтымақтастық және жаһандану құндылықтарынан бас тартуы, екіншіден, Дональд Трамп сияқты популизмді қабылдауы, үшіншіден, Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы мен мемлекеттер арасындағы ашық шекара саясатын қабылдамауы, сондай-ақ ЕуроОдақтан пайда көріп, қарыз төлеуден бас тартуы, төртіншіден, Путиннің шындыққа қарсы шығып, оппозициялық дауысты басып тастауымен түсіндіреді. Білікті медиаменеджер «дәстүрлі ақпарат құралдары шынайы ақпарат беру, екіжақты пікірлерді теңестіру үшін әлеуметтік медиа құралдарын қарқынды пайдаланғаны жөн. Постшындық дәуірінде дәстүрлі БАҚ, оның ішінде телеарна әуесқойлық эксперимент пен басқаларға еліктеуден аулақ өздерінің тәжірибесі мен біліміне негізделген нақты көзқарасты қалыптастырғаны абзал. Олар өздерінің тәжірибесі мен адамдардың сенімін қалыптастырған контекстін сақтап, постшындық дәуірінде дәстүрлі БАҚ бірегейлікті көрсетуі керек» (Ahmed Al Sheikh., 2016), – деген ұсыныс айтады. Айта кетейік, Ахмед Аль Шейх БАҚ саласында 40 жылға жуық тәжірибесі бар, 1996 жылға дейін BBC-дің араб қызметінде, одан кейін Aljazeera халықаралық телекомпаниясының бас редакторы қызметін атқарған. Тәжірибелі маманның айтқан ұсыныстарын қолдаймыз, алайда отандық дәстүрлі БАҚ қаншалықты жоғарыдағы талаптарды орындап отыр деген сауалға нақты жауап таба алар ма екенбіз?!

Отандық дәстүрлі БАҚ әлеуметтік медиа құралдарды белсенді пайдалана бастағанымен, аудитория сенімін сақтай алмай отыр. Неге десеніз, отандық телевизияда өз өнімдері дейтіндей бірегей жобалар жоқтың қасы. Көбіне көңіл көтеру бағытындағы хабарлармен шектеледі. Газет пен журналдың жағдайы айтпаса да белгілі. Сондықтан постшындық дәуірінде салмақты сараптама, тиянақты талдау, аяқталған зерттеу мақалалар мен хабарлар дайындау – маңызды міндет.

Ғылыми мақаланың мақсаты – постшындық дәуіріндегі медиакеністіктегі өзекті мәселелерді айқындау, жалған ақпараттың қоғамға әсеріне талдау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді: шетелдік ғылыми зерттеулерді сараптай отырып, постшындық дәуіріндегі жалған ақпараттың қоғамдық санаға ықпалын нақты мысалдар арқылы талдау. Жалған ақпарат тарату арқылы қоғамдық санаға ықпал етудің манипуляция, үгіт-насихат, ақпаратты бақылау, «иллюзиялық шындық эффектісінің» мәнін анықтау. Сондай-ақ популизм мен антиинтеллектуализм салдарын айқындау.

Осы мақсат-міндеттер нәтижесінде зерттеудің 2 сұрағы анықталды:

1. Постшындық терминінің мәні мен маңызы, оның саясаттанумен, медиа теорияларымен байланысы қандай?

2. Популизм, антиинтеллектуализмнің мемлекет дамуына әсері және оның салдарымен күрес қалай іске асырылады?

Ұлт тарихындағы түрлі тарихи кезеңдердің шындығы әлі күнге дейін толыққанды зерттелмей келеді. Ашаршылық, респрессия жылдарындағы шынайы деректер мен тарихи мәліметтер енді ғана ғылыми айналымға еніп, бұқаралық ақпарат құралдарында ашық талдануда. Постшындық дәуірінің ең маңызды факторы қоғамның осыған дейін шындық деп қабылдап келген оқиғаның шынайы көрінісіне әділ баға берілуінде деуге болады. Тәуелсіздік алғанға дейін және одан кейінгі жылдары ақпарат кеңістігінде саяси оқиғалардың тарихи мәні мен шындығы толық айтылмаған. Демократиялық қоғам құрудағы ең басты міндеттердің бірі – адам құқықтары мен сөз бостандығы. Постшындық дәуірінде популизмнің салдарынан болған жалған ұраншылдық, антиинтеллектуализмнің кесірінен ұлт зиялыларының қуғындалуы, ашаршылық жылдарындағы шынайы ақпарат халықтың санасына сілкініс жасады. Бұл – ғылыми мақаланың негізгі жаңалығы.

Зерттеу нысаны ретінде постшындық ұғымына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары мен бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік медиадағы жалған ақпарат, бұрмаланған жаңалықтың шындығын көрсететін жарияланымдар мен пікірлер алынды.

Зерттеу материалдары – шетелдік және отандық БАҚ, әлеуметтік медиа жарияланымдары, әлеуметтік сауалнама нәтижесі.

Зерттеу әдісі

Постшындық дәуіріндегі медиакөңістіктегі жалған ақпарат, үгіт-насихат, манипуляция және т.б. әсер ету әдістеріне талдау, БАҚ жарияланымдарына контент, дискурс талдау, салыстырмалы анализ әдістері қолданылды. Сондай-ақ жалған ақпаратты тану, әлеуметтік медиа пайдаланушыларының медиасауатын айқындау мақсатында сауалнама алынып, әлеуметтанулық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Әлеуметтанулық зерттеу әдістері бойынша алынған сауалнама 19-21 жас аралығындағы жастардан алынды. Сауалнамаға қатысушыларға ашық және жабық сұрақтар қою арқылы әлеуметтік медиадағы ақпараттың адам психологиясына әсерін айқындауға тырыстық.

Әдебиетке шолу

Постшындық саясаты туралы батыс және ресейлік ғалымдар біршама зерттеу еңбектерін жазған. Солардың қатарында П.Г. Кошкиннің «Америка журналистикасы және постшындық» кітабы, ресейлік «Гуманитарлық технологияларды зерттеу орталығының» осы тақырыпқа арналған жобасы, неміс ғалымдары Cornelia Fraune, Michèle Knodt, Украина және АҚШ-тың Valentina Vellani, Sarah Zheng, Dilay Ergelik, Tali Sharot, индонезиялық Dewi Anggraeni, Nur Choiri Siregar, Shabrina Khairani жаңа медиадағы жалған ақпараттың таралуын қарастырған. Отандық ғылымда постшындық саясаты туралы Е.К. Қожбанхан, А.Д.Калдыбекованың бірнеше ғылыми мақалаларын кездестіреміз. Журналистика ғылымында жалған ақпаратқа байланысты көптеген ғылыми зерттеулер болғанымен, постшындық дәуіріндегі медианың қызметіне талдау жасалған еңбектерді кездестірмедік.

Постшындық ұғымының пайда болуы мен қалыптасуына байланысты ғылыми тұжырымдар өте көп. Көптеген зерттеушілер постшындық дәуірін АҚШ-тың бұрынғы президенті До-

нальд Трамптың сайлауға түсуімен тығыз байланыста қарастырады. Ғалым Хейвуд Эндрю «Жалған жаңалықтар» санының өсуі көбінесе медиадағы өзгерістермен, әсіресе әлеуметтік медианың күнделікті өмірге сіңісуімен байланысты болса да постшындық саясатының пайда болуын, негізінен, популизм мен антиинтеллектуализмнің кеңінен таралуының салдары деуге болады. Оған ең айқын екі дерек: АҚШ-та Дональд Трамптың сайлануы және Ұлыбританиядағы Брексит референдумы мысал бола алады» (Хейвуд Эндрю, 2020) деп атап көрсетеді. Жалпы постшындық ұғымы бірден бұқаралық және қоғамдық сананың құбылысы ретінде пайда болған жоқ. Аталмыш ұғымды АҚШ-қа қоныс аударған сербиялық сценарист және драматург Стив Тесич айналымға енгізді. Ол 1992 жылы «Nation» журналында Уотергейт пен Иран-Контра саяси жанжалдарына арналған «Уотергейт синдромы: жалған үкімет» эссесін жариялады. Эссе авторы оқиғадан кейін адамдардың рухани еркіндікке ие болғанын, ақиқатты жоққа шығарғанын, сондай-ақ еркін азаматтар ретінде «постшындық» әлемінде өмір сүруге шешім қабылдағанын жазды. Осылайша постшындық бастапқыда жалған немесе шындықты жоққа шығару деп түсіндірілді (Tesich S., 1992). Ал зерттеуші О.В.Корецкая: «постшындық саясат пен ақиқаттан кейінгі дәуір тіркестері теріс коннотациясы бар, өйткені олар саясатты немесе шындықты іздеу екінші планға кеткен дәуірді сипаттайды. Медиаскурста белгілі бір оқиғаның интерпретациясы белсенді ұсынылады, объективті фактілер эмоцияға қарағанда маңызды емес. Ал бұл жерде белгілі бір уақыт кезеңінде тілді, сананы және экстралингвистикалық факторларды байланыстыратын когнитивтік аспекті алдыңғы орынға шығады» (Корецкая О.В., 2017), – деп анықтама береді. Ғалым ХХІ ғасырда ақиқаттан кейінгі концепция қалай пайда болып, кеңінен тарауына байланысты постшындық терминінің мағынасын былайша түсіндіреді. Ақпараттық соғыс кезінде ақиқат ретінде ұсынылған жалған деректерге негізделген түрлі қастандық теориялары мен фейк жаңалықтар жасалады. Нәтижесінде ақиқат лексемасы өзінің бастапқы мағынасын жоғалтады, сондықтан оған пост-префиксі қосылады (Корецкая О.В., 2017). Байқап отырғанымыздай, О.В.Корецкая постшындық сөзінің когнитивтік аспектісіне үңіледі.

Жалпы постшындық саясаты алғаш рет 2010 жылы блогер Дэвид Робертстің «Постшындық саясат» (Roberts D., 2010) деген

мақаласында пайдаланылды. Алайда блогердің мақаласында постшындық саяси көзқарастар (қоғамдық пікір және БАҚ-тағы дискурс) саяси бағыт (заңнаманың мәні), саяси мәдениетті білдіретін мағынада қолданылды. Бұған дейін 2004 жылы Ральф Кейс «Пост-шындық дәуірі: қазіргі өмірдегі адалдық пен алдау» кітабында шындық пен өтірік, адалдық пен арамдық арасындағы шекаралардың анықталуы ретінде түсіндірді. Біздіңше осы түсініктеме постшындық концептісін айқын аша алады. Терминге қатысты ойын сатирик Стивен Колберт өзінің шоуында білдірген. Оксфорд сөздігінде «шындық болып көрінеді, бірақ оны шындық деп қабылдау міндетті емес» деп түсіндіреді. Алайда постшындық ұғымы жеке құбылыстарды емес, тұтас уақыт кезеңін сипаттайтын тереңірек мағынаға ие.

XXI ғасырдың басында постшындық ұғымы жоғары лауазымды шенеуніктердің өтіріктерімен байланысты болды. Оның басты себебі демократияның түбегейлі қайшылықтарында жатыр. Аталмыш тұжырымды айтқан Э.Альтерман «post-truth presidency» терминін енгізді, ол президенттердің американдық жұртшылыққа ұзақ уақыт өтірік айтып келгенін алға тартады. Ол өтіріктің ұзақ мерзімді шығындары айтылған сәтте көрінбейтініне, бірақ шығындар президенттер мен қоғам үшін, демократия үшін маңызды екеніне назар аударды (Alterman E., 2012). Постшындық саясат ұғымы 2012 жылдан бастап кеңінен тарады. Батыс елдеріндегі демократияның дағдарыс дәуірін сипаттайтын, саяси мәдениеттің бір түрі ретінде БАҚ жарияланымдарында және қоғамдық пікірде қолданыс тапты. Постшындық дәуірі батыс елдерінде басталып, қазіргі таңда отандық медиакеңістікте де қолданыла бастады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Тәуелсіздіктің 30 жылдан астам кезеңіндегі саяси оқиғалар мен құбылыстарда жалған мен ақиқаттың арасын ажырата алмайтындай пікірлерді БАҚ жарияланымдарынан кездестіруге болады. Әсіресе экономикалық және саяси популизм көріністерін жақында ғана өткен сайлаудан айқын көре аламыз. Жоғарыда Э.Альтерман тұжырымына мысалды «Аікуп» газетіндегі «Экономикалық популизм: көрпеңе қарай көсіл!» атты мақаладан аңғарамыз. Н.Қосай сайлау науқанында көп дауыс алу үшін популизмге баратын саяси партияларды сынайды. «Мәселен, партиялардың бірі «Самұрық-

Қазынаның» акцияларын және зейнетақы қорын халыққа таратып беру, монополияға ие мемлекеттік банк құру, жергілікті тауарлар мен қызметтерден қосымша күн салығын мүлдем алып тастау деген секілді ұран тастады. Ал енді бір партия ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді салық салудан мүлдем босату қажет, кредиттік амнистия жариялануы тиіс, жерді бүкіл халыққа ортақ меншікке беру керек деген сөз айтады» (Қосай Н., 2023), дей келіп, онсыз да сындарлы жағдайда тұрған экономиканы одан сайын дағдарысқа ұшыратудың қажеті жоқ екендігін ескертеді. Автор экономикалық популизмнің екі түріне тоқталады. Біріншісі, халық арасында жиі айтылатын пікірлер, екіншісі – Үкіметтің, сосын жергілікті әкімдіктердің экономикалық популизмі. «Кейде олар өте үлкен қаражат құйылатын, бірақ мүлдем ешкімге керек емес жобаларды тықпалап жатады. Онысын «адамдарға көмектесіп жатырмыз» деп бүркемелейді. Ал шындығында, мұнда олардың өздерінің мүддесі жатыр» (Қосай Н., 2023). Осы мақалада сөз етілген экономикалық популизмнің салдарын біз жылдар бойы көріп келеміз. Отандық әлеуметтік медиада «ұлттық қорды бөліп алу», «мұнайдан түскен пайданы алу» секілді пікірлер қоғамдық санаға кері әсер етеді. Сондай-ақ болжаммен айта салған әңгімеге елітіп, оған сенетіндердің қатары тез арада көбейетіні қауіпті.

Постшындыққа тән қасиет – бұқаралық ақпарат құралдарында шындық пен өтіріктің әртүрлі пропорцияларын, сенімді және сенімсіз ақпаратты қоғамдық пікірді манипуляциялау мақсатында таратуында. Қоғамдық пікір бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен «жалған ортамен» байланыстағы бұқаралық саяси сананы, одан кейін әлемнің образы арқылы қалыптасады. Саясаттанушы ғалым Хейвуд Эндрю «Ақпараттық соғыс дәуірінде жалған деректерге негізделген сенімсіз ақпарат халыққа шындық ретінде ұсынылатынын» айта келіп, «постшындық – дәлелге негізделген объективті білімнің беделінен айырылғанын, яғни шындық пен өтіріктің арасындағы айырмашылықтың болмашы екенін білдіретін жағдай» деп анықтама берген (Хейвуд Эндрю, 2020). Жаңа медианың мүмкіндіктерімен бірге келген үлкен тәуекелдің бірі – жалған ақпарат. Қазіргі таңда танымал тұлғаларды, саяси көшбасшылардың әлеуметтік желіде парақшаларынан да оны жиі кездестіруге болады.

Отандық саясаттанушылығымызда постшындық мәселесін зерттеп жүрген Е.К.Қожбанхан мен

А.Д.Қалдыбекова жоғарыда айтылған пікірге байланысты мынадай мысал келтіреді. «Америка Құрама Штаттарының Президенті Трамп өзінің алғашқы 100 күні ішінде Twitter парақшасында 858 жазба жазғаны анықталып отыр. Осы жазбаларды жақыннан зерделейтін болсақ, Трамп тарапынан айтылған сөздер мен тұжырымдар арасында «көші-қон», «иммиграция», «әлеуметтік қамсыздандыру», «экономика» және «бюджет» сияқты сөздер көп қолданылған екен. Brexit науқаны барысында да дәл осындай ұғымдар қалай тиімді пайдаланылғандығын және бұл ұғымдарды пайдалану арқылы стратегиялық тұрғыдан халық арасында үрей ұялата отырып, әлеуметтік саяси шешімдерге қалай ықпал еткендігін бұған дейін де қарастырған болатынбыз» (Қожбанхан Е.Қ., Қалдыбекова А.Д., 2020), – деп жазады. Зерттеушілер Трамптың әлеуметтік желіде бірнеше кейіпке еніп, төрт түрлі рөлді сомдайтынын сарапшылар пікіріне сүйене отырып келтіреді.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы «Азия барысына айналу», «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламалары мен экономикалық даму жолындағы сәтсіз жобалардың іске аспауы салдары жоғарыда айтылған популизмнің, сондай-ақ «иллюзиялық шындық эффектісінің» көрінісі. Зерттеушілер Е.К.Қожбанхан мен А.Д.Қалдыбекова «Постшындық деп сипатталатын құбылыс антикалық дәуірден бері келе жатқан және бүгінгі күнмен ғана шектеліп қалған феномен емес екендігін алған тартады» (Қожбанхан Е.Қ., Қалдыбекова А.Д., 2020). Бұл пікірге келісе отырып, постшындық дәуірінде әлеуметтік медиада ақпаратты таратушы оны өз ыңғайына қарай тарату мүмкіндігіне ие, сондай-ақ жаңалықтан гөрі сезімтал ақыл мен жанашыр көңіл басым түсіп отыр. Соның салдарынан медиада түрлі мифтер кеңінен тарауда. Нәтижесінде шындық пен нақты деректің құны төмендеп кетті. Оған нақты мысалды кеңестік кезеңде жарық көрген кез келген мерзімді баспасөзден таба аламыз. Жалған патриотизм, қиялға толы ұраншыл мақалалар жылдар бойы халықты алдап келді. Коммунизм жолындағы қызу кіріскен еңбек сапаға емес, жалған сандармен өлшенді. Осылайша өтірік пен шындықтың арасын ажырату тек 1989 жылы ғана іске асырылды.

Кеңестік кезеңде антиинтеллектуализм қарқынды көрініс тапты. «Антиинтеллектуализм – білімнің, зияткерліктің, ғылымның, академиялық және зиялы қауымның құндылығына күмән келтіретін немесе оны

жоққа шығаратын ұстаным» (Хейвуд Эндриу, 2020). Саяси биліктің таласы ұлт интеллигенциясын қудалаумен жалғасты. Әлихантанушы ғалым С.Аққұлұлының сұхбатында репрессиядан 2 миллионнан астам қазақ қырғынға ұшыраған (Аққұлы С., 2023) деген деректі кездестіреміз. Жалпы репрессия құрбандарының санына байланысты ғалымдардың пікірлері сан алуан. Дегенмен жоғарыда келтірілген дерек сталиндік саяси кезеңді толық қамтиды. Зиялы қауымның құндылығына күмән келтіретін ұстаным кеңестік кезеңде қарқынды көрініс тапты. Алаш қайраткерлерін қудалап, ату жазасына кесу – кеңестік кезеңдегі постшындықтың көрінісі. Демек ұлттық тарихымызда постшындық саясаты жана медиа дәуірінде емес, кеңестік кезеңдегі мерзімді баспасөзден басталады деуге толық негіз бар.

Постшындық дәуіріндегі антиинтеллектуализм мен популизм салдарының медиакеңістіктегі көрінісін жобамен төмендегідей жіктеуге болады:

1. 1985 жылғы сәуір пленумындағы қайта құру саясатының жариялануы нәтижесінде 1989 жылдан бастап, мерзімді баспасөз беттерінде ақтандақтар ақиқаты, Желтоқсан оқиғасы, ядролық сынақ зардаптары туралы мақалалар жарияланды;

2. 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР заңы қабыданып, 1997 жылы «саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып аталды. Осы жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы танымдық мақалалар мен журналистік зерттеулер жазылып, қоғамда репрессия салдары туралы ашық айтылды;

3. 2007-2009 жылдарда іске асырылған «Мәдени мұра», 2017-2019 жылдар аралығындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған зерттеулер мен ғылыми мақалалар, танымдық жарияланымдар өткен дәуірдің айтылмай келген шындығын жеткізді;

4. 2019 жылдан бүгінгі күнге дейінгі уақытта Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы қордаланған мәселелерінің бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медиада жарияланып келеді.

Бұл жіктеліс әр кезеңдегі тарихи оқиғалар кезіндегі ақпарат пен одан кейінгі шындық деп қабылданған ақпараттарға шолу нәтижесінде жобамен жасалды. Желтоқсан көтерілісінің шындығы туралы алғаш рет «Қазақ әдебиеті»,

«Ана тілі» газеттері жазған. Ядролық сынақтың салдары жайлы «Невада-Семей» ядролық сынаққа қарсы күрес қозғалысының «Аманат» газеті жазды.


Постшындық дәуіріндегі «Қазақ әдебиеті» газетіне шолу жасаған ғалым С.Садықұлының зерттеуінде(Садықұлы С., 2012) Б.Нұржекеев, С.Елубаев, М.Шаханов, Қ.Мырзалиев, Т.Кәкішевтің әр кезеңдегі оқиғаның шынайы бетпердесін ашқан пікірлеріне шолу жасайды. «СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумы мен тарихы XXVII съезден кейін кенестік қоғамның идеология, мәдениет майданында қайта құру, жариялылық процестері дүркіреп жатты». «Қазақ әдебиеті» газетінде Б.Нұржекеев С.Мұқановтың «Біздің Тұрар» мақаласын талдауы, С.Елубаевтың 1932 жылғы алапат аштық зардабы туралы сараптамалық мақаласы сол кездегі оқырманның рухын оятты.

2020 жылы ҚР Президентінің тапсырмасымен қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы» (Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуі., 2021). Қазіргі таңда комиссия жұмыстарының қорытындысы кітап түрінде әзірленуде. «Алақұла деректер және оның себеп-салдары жайлы

әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн» (Тоқаев Қ., 2021), – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. Қазіргі таңда ұлт тарихы мен тағдырына, түрлі саяси оқиғаларға байланысты шынайы ақпарат жиі жарияланады. Әсіресе Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы осы уақытқа дейін айтылмай келген шындықтың беті ашылуда. Кенестік кезеңдегі жалған ұран мен науқаншылдық салдары өзіне бағынышты болған барлық елге, ұлтқа тиді. Сондықтан алдағы уақытта әр тарихи кезеңде жарық көрген ақпарат пен оның бүгінгі шындығы туралы салыстырмалы талдау жасаймыз.

Жаһандану дәуіріндегі бұқаралық ақпарат құралдары жариялаған сенімділік деңгейі мен жастардың саяси жаңалықтарға қызығушылығын айқындау мақсатында 19-21 жас аралығындағы 132 респонденттен сауалнама алынды. Құрылымды сауалнамада ашық және жартылай ашық сұрақтар қойылды. Сауалнама нәтижесі ғылыми мақаланың қорытындысын жасауға септігін тигізді. Атап айтатын болсақ, 132 респонденттің 72,1% 5 жылдан бері әлеуметтік желіде тіркелгені анықталды. Жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желіні ақпарат алу үшін пайдаланады екен, нақты айтқанда 66,2% ақпарат алу және алмасуға пайдаланады.

Әлеуметтік желіде қандай мақсатта отырсыз?
130 ответов




Сауалнамаға қатысушылар әлеуметтік желі арқылы алған ақпаратты қаншалықты тексереді деген сұраққа төмендегіде жауап берді. Дегенмен жауаптар күмән туғызады.

Өйткені постшындық дәуірінде әлеуметтік медидағы ақпарат тексерілместен таратылып, соның салдарынан түрлі қоғамдық пікір қалыптасуда.

Әлеуметтік желіден оқыған ақпаратты қаншалықты тексересіз?

130 ответов




- ресми ақпарат көздерінен аламын
- үнемі газетпен салыстырамын
- тексермейді екенмін
- Фактчекинг жасап, дұрысын білуге тырысамын
- әртүрлі ақпарат көздерінен қараймын, фактчек жүргіземін

Сауалнамаға қатысушылар жалған ақпаратты қаншалық әшкерелей алады деген сұраққа 35,2% мүлдем кездеспедім жауап берген. Ал қатысу-

шылардың жартысынан көбі яғни 57% ауызша ескертумен шектелген. Демек жалған ақпаратқа қарсы иммунитет қалыптаспаған деген сөз.

Әлеуметтік желідегі жалған ақпаратты әшкерелеп көрдіңіз бе?

128 ответов



- жоқ
- таныстарыма ауызша ғана ескерттім
- пост жазып, ескерттім
- Сторис арқылы бөлістім

Сонымен постшындық дәуірінде әлеуметтік медидағы ақпаратқа қызығушылар саны артып отырғанына көз жеткіздік. Яғни әлеуметтік медида жазылушылар мен лүпіл санын арттырып, танымал болу үшін жалған ақпарат таратылуы әбден мүмкін. Нәтижесінде тексерілмеген ақпаратқа сенім білдіретіндеп саны көп. Демек постшындық дәуіріндегі популизм әлеуметтік медида кеңінен тарап отыр. Мәселен, «жасыл носки», «қызыл жіп», «аффирмация айту» секілді коуч, тренерлердің насихаты қоғамның санасын улап, қаншама жанды адастыруының өзі жеткілікті.

Қорытынды

Саяси дискурстағы постшындық туралы мақала авторлары «саяси әрекеттер, газет мақалалары мен жарнама мәтіндері үнемі күмән

туғызуы мүмкін. Шындықты өзгерту тіпті ғылыми ізденісте де деректерді бұрмалап беру арқылы әртүрлі мақсаттарды көздеуі мүмкін» (Betül Çanakınar, Murat Kalelioğlu and V. Doğan Günay., 2024) екендігін алға тартады.

Зерттеушілердің пікірінше, жалған ақпарат немесе бұрмаланған ақпарат тарату антикалық дәуірден басталады. Алайда әлеуметтік медиа біздің өмірімізге енгелі жалған ақпарат тарату мен оның салдары тіпті күшейіп кетті. Әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде таралған жалған ақпараттың ықпалы айқын байқалады. Гуманитарлық технологиялар орталығы жүргізген зерттеуде «әлеуметтік желілер адамның психикасына, ойлауы мен әрекет етуіне әсер етуарқылы постшындық дәуірінің қалыптасып, дамуындағы дереккөзге айналды» (В будущее возьмут не всех., 2024) деп көрсеткен. Демек бірқатар зерттеушілер

постшындық дәуірі әлеуметтік медиамен тығыз байланысты дамыды деген пікірді ұсынады. Ал біздіңше, постшындық саясаты әрбір ұлттың тарихындағы түрлі оқиғалар кезінде пайда болады. Өйткені билік халықтың сеніміне кіру үшін түрлі айла-амалдарға барады. Тіпті әлеуметтік медиада жиі қолданылатын манипуляцияның түрлі әдістері қолданылады. Қоғамды сендіруге бағытталған жалған ақпарат постшындық көрінісі деуге болады. Сондықтан да біз отандық медиадағы постшындықты кеңестік кезеңнен

қарастырдық. Оған басты себеп, тарихи оқиға кезіндегі жалған ақпараттың тез таралуы мен оған халық сенімінің берік орнығуы деп едік. Біз мақалада постшындық саясаты және оның зерттелуі, отандық медиадағы постшындық дәуірін кезең-кезеңге бөліп қарастыруға тырыстық. Журналистикадағы постшындықты алдағы уақытта кешенді түрде зерттелуі керек. Алдағы уақытта бір ғана тарихи оқиғаны алып, соның айналасындағы шынайы және жалған ақпараттың ықпалына талдау жасаймыз.

Әдебиеттер

- Аққұлы С. (2023) Репрессия болмағанда қазақтардың саны 70 миллионнан асатын еді https://el.kz/repressiya-bolmaganda-qazaqtardyn-sany-70-millionnan-asatyn-edi-sultan-han-aqqululy_76679/ Қаралған күні: 10.04.2024.
- Alterman E. (2004) When Presidents Lie //The Nation. <https://www.thenation.com/article/archive/when-presidents-lie/>
- Alterman E. (2012) The Cuban Missile Crisis: Thirteen Days... and Fifty Years // The Nation. <https://www.thenation.com/article/archive/cuban-missile-crisis-thirteen-days-and-fifty-years/> Қаралған күні: 5.04.2024.
- Ahmed Al Sheikh (2016) The media in the post-truth era // <https://www.aljazeera.com/opinions/2016/12/11/the-media-in-the-post-truth-era> Қаралған күні: 10.04.2024.
- Betül Çanakpınar, Murat Kalelioğlu and V. Doğan Günay (2024) Semiotics and political discourse in the post-truth era // De Gruyter Mouton January 18, 2024. 10(1): 65–82. // Semiotics and political discourse in the post-truth era (degruyter.com)
- В будущее возьмут не всех (2024) // <https://centergt.ru/tothefuture> Қаралған күні: 16.04.2024.
- Корецкая О.В. (2017) Концепт post-truth как лингвистическое явление современного англоязычного медиадискурса // Филологические науки Вопросы теории и практики. № 7–3(73). стр. 136-138 <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-post-truth-kak-lingvisticheskoe-yavlenie-sovremennogo-angloyazychnogo-mediadiskursa> Қаралған күні: 5.04.2024.
- Қожбанхан Е.Қ., Қалдыбекова А.Д. (2020) «Пост-шындық» («Post-thuth»), медиа және саясат / Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркология сериясы. №1 (130) 2020. 145-155 бб. <https://dspace.enu.kz/handle/data/17635> Қаралған күні: 12.04.2024.
- Қосай Н. (2023) Экономикалық популизм: көрпеңе қарай көсіл! // Ақын газеті. 01.04.2023. <https://aikyn.kz/247147/ekonomikaluk-populizm-korpene-karai-kosil> Қаралған күні: 8.04.2024.
- Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуі (2021) // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-baylanysty-undeui-3042646> Қаралған күні: 16.04.2024.
- Pennycook, G., Cannon, T. D., & Rand, D. G. (2018) Prior exposure increases perceived accuracy of fake news. Journal of Experimental Psychology: General, 147(12), 1865-1880. DOI: 10.1037/xge0000465 // Prior Exposure Increases Perceived Accuracy of Fake News by Gordon Pennycook, Tyrone Cannon, David G. Rand :: SSRN Қаралған күні: 9.04.2024.
- Roberts D. (2010) Post-truth politics <https://grist.org/politics/2010-03-30-post-truth-politics/> Қаралған күні: 11.04.2024.
- Садықұлы С. (2012) «Қазақ әдебиеті» газеті – ұлттық рух жаршысы // «Ақиқат» журналы. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/565> Қаралған күні: 10.04.2024
- Soroush Vosoughi, Deb Roy, Sinan Aral (2018) The spread of true and false news online Vosoughi et al., Science 359, 1146–1151 9 March, 2018. <https://www.science.org/doi/10.1126/science.aap9559> Қаралған күні: 9.04.2024.
- Tesich S. (1992) The Watergate Syndrome: A Government Of Lies. The Nation. January, 6/13 https://www.prrac.org/projects/fair_housing_commission/los_angeles/AndPoorGetPoorer-TheNation.01.96.pdf Қаралған күні: 5.04.2024.
- Тоқаев Қ. (2021) Ашаршылық туралы мәліметтерді мұқият зерттеу керек <https://kaz.zakon.kz/madeniet-shou-biznes/5053042-asharshyly-turaly-m-l-metterd-m-iyat.html> Қаралған күні: 16.04.2024.
- Хейвуд Эндрю (2020) Саясаттану. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 520-б.

References

- Aqqūly S. (2023) Represia bolmağanda qazaqtardyn sany 70 millionnan asatyn edi. [Without repression, the number of Kazakhs would have exceeded 70 million] // https://el.kz/repressiya-bolmaganda-qazaqtardyn-sany-70-millionnan-asatyn-edi-sultan-han-aqqululy_76679/ Qaralğankūni: 10.04.2024.
- Alterman E.(2004) When Presidents Lie. //The Nation. <https://www.thenation.com/article/archive/when-presidents-lie/>
- Alterman E. (2012) The Cuban Missile Crisis: Thirteen Days... and Fifty Years. // The Nation. <https://www.thenation.com/article/archive/cuban-missile-crisis-thirteen-days-and-fifty-years/> Qaralğankūni: 5.04.2024.
- Ahmed Al Sheikh (2016) The media in the post-truth era. // <https://www.aljazeera.com/opinions/2016/12/11/the-media-in-the-post-truth-era> Qaralğankūni: 10.04.2024.

- Betül Çanakpınar, Murat Kalelioğlu and V. DoğanGünay (2024) Semiotics and political discourse in the post-truth era. *De Gruyter Mouton* January 18, 2024. 10(1): 65–82. // <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/lass-2023-0040/html>
- V buduşee vözmüt ne vseh (2024) // [What will come next] <https://centergt.ru/tothefuture> Qaralğan küni: 16.04.2024.
- Koreskaia O.V. (2017) Konsept post-truth kak lingvisticheskoe iavlenie sovremennogo angloiazыchnogo mediadiskursa. *FilologicheskienaukiVoprosyteoriiipraktiki. № 7–3(73). str. 136-138* [Post-truth concept as linguistic origin of modern English-speaking media]. *Philological science issues theory and practice № 7–3(73). pp. 136-138* <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-post-truth-kak-lingvisticheskoe-yavlenie-sovremennogo-angloyazychnogo-mediadiskursa> Qaralğan küni: 5.04.2024.
- Qojbanhan E.Q., Qaldybekova A.D. (2020) «Post-şyndyq» («Post-thuth»), media және saiasat / L.N. Gumilev atyndaғы Eurazia ұлттық университетінің Habarşysy, Saiasiғыlymdar. Aimaqtanu. Şyğystanu. *Türkologiaseriasy. №1 (130) 2020. 145-155 bb.* [“Post-thuth”, media and politics] *Bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University, Political Sciences. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology series. No. 1 (130) 2020. pp. 145-155.* <https://dspace.enu.kz/handle/data/17635> Qaralğan küni: 12.04.2024.
- Qosai N. (2023) Ekonomikalyq populizm: körpeñe qarai kösil! Aikyn gazetі. [Economic populism: the leader towards your blanket!] Aikyn newspaper. 01.04.2023. <https://aikyn.kz/247147/ekonomikalyk-populizm-korpene-karay-kosil> Qaralğan küni: 8.04.2024.
- Memleket bassysy Q.Toqaevtyñ Saiasi quğyn- sürgin және aсарşylyq qўrbandaryn eske alu küñine bailanysty undeui (2021). [Address of the head of State K. Tokayev on the occasion of the day of remembrance of victims of political repression and famine] <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-baylanysty-undeui-3042646> Qaralğan küni: 16.04.2024.
- Pennycook, G., Cannon, T. D., & Rand, D. G. (2018). Prior exposure increases perceived accuracy of fake news. *Journal of Experimental Psychology: General*, 147(12), 1865-1880. DOI: 10.1037/xge0000465 //Prior Exposure Increases Perceived Accuracy of Fake News by Gordon Pennycook, Tyrone Cannon, David G. Rand :: SSRN Qaralğan küni: 9.04.2024.
- Roberts D. (2010) Post-truth politics. <https://grist.org/politics/2010-03-30-post-truth-politics/> Qaralğan küni: 11.04.2024.
- SadyqūlyS. (2012) «Qazaq әдебиеті» газеті – ұлттық рух жарысы // «Ақиқат» журналы. [Newspaper «Kazakh literature» – National Spiritual Bulletin] // Magazine «Akikat» <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/565> Qaralğan küni: 10.04.2024.
- Soroush Vosoughi, Deb Roy, Sinan Aral (2018) The spread of true and false news online. Vosoughi et al., *Science* 359, 1146–1151 9 March, 2018. <https://www.science.org/doi/10.1126/science.aap9559> Qaralğan küni: 9.04.2024.
- Tesich S. (1992) The Watergate Syndrome: A Government Of Lies. *The Nation*. January, 6/13 https://www.prrac.org/projects/fair_housing_commission/los_angeles/AndPoorGetPoorer-TheNation.01.96.pdf Qaralğan küni: 5.04.2024.
- Toqaeв Q. (2021) Aсарşylyq turaly мәліметтерді мұқият зерттеу керек. [Data on the famine should be carefully studied] // <https://kaz.zakon.kz/madeniet-shou-biznes/5053042-asharshyly-turaly-m-l-metterd-m-iyat.html> Qaralğan küni: 16.04.2024.
- Heivud Endrū (2020) Saiasattanu. -Almaty: «Ұлттық аудармәбуросы» қоғамдық қоры, 520-б. [Political Science. – Almaty: public fund “National Translation Bureau”, p. 520].

Авторлар туралы мәлімет:

Есімова Гаухарай Аманғалиқызы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты (Астана Қазақстан, эл.почта: gaukharai@bk.ru);

Әшірбекова Гүлмира Шайтмағанбетқызы, (корреспондент автор) Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. (Астана Қазақстан, эл.почта: ashirbekova_75@mail.ru);

Ермағанбетова Зухра Нұрғалиқызы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, ф.ғ.к. (Қызылорда Қазақстан, эл.почта: zuhra_9195@mail.ru).

Information about authors:

Yessimova Gauharay Amangalikyzy, 2nd year doctoral student of the journalism educational program of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: gaukharai@bk.ru);

Ashirbekova Gulmira Shaitmaganbetovna, (corresponding author) Associate Professor of the Department of Printing and Publishing of the L. N. Gumilyov Eurasian National University, candidate of philological sciences (Astana, Kazakhstan, e-mail: ashirbekova_75@mail.ru);

Ermaganbetova Zuhra Nurgalievna, Associate Professor of the Department of kazakh language, literature and journalism of Korkyt ata Kyzylorda University, candidate of philological sciences (Kyzylorda Kazakhstan, e-mail: zuhra_9195@mail.ru).

Келіп түсті: 21 қаңтар 2024 жыл
Қабылданды: 11 сәуір 2024 жыл

A.A Tassilova^{1*} , N.T. Shyngyssova¹ ,
N.A. Tasilova¹ , Zh.E. Zhappasov² 

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²International Engineering Technological University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: taika9183@gmail.com

DIPLOMATIC PROCESSES IN THE DIGITAL AGE: «NET-DIPLOMACY» AND KAZAKHSTAN'S IMAGE

This article examines the problem of public diplomacy and the new “network diplomacy”, which is a current subject of research in the field of international journalism. Meanwhile, due to global “digitalization”, the concept of new forms of diplomacy in modern science is blurred. The authors of the article compare the term “net-diplomacy” with “twi-diplomacy” (X-diplomacy), “public diplomacy”, “digital diplomacy”, “mediated public diplomacy”, which allows to comprehend and evaluate its potential; the authors also pay special attention to the importance of building a positive image. Observation, comparison and mixed methods of the research were used. The authors used «qualitative analysis» also, thereby comparing new forms of diplomacy developing in domestic discourse with the method of US public diplomacy. The authors come to the conclusion that “network diplomacy” is a form of public diplomacy, a means of developing the national interests of the state and raising its image in the international arena. The practical significance of the article lies in introducing a new type of traditional diplomacy and its implementation, proper use of the new forms of diplomacy. The authors of the study prove that traditional diplomacy has undergone major changes in accordance with modern requirements. This article will be relevant and useful not only for political scientists and international relations specialists, but also for specialists in the field of journalism, communication and PR.

Keywords: networked diplomacy, country image, communication, digitalization, mediated public diplomacy.

A.A Тасилова^{1*}, Н.Т. Шыңғысова¹, Н.А. Тасилова¹, Ж.Е. Жаппасов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: taika9183@gmail.com

Цифрлық дәуірдегі дипломатиялық үдерістер: «желілік дипломатия» және Қазақстан имиджі

Аталмыш мақалада зерттеу пәні халықаралық журналистика саласында өзекті болып келе жатқан қоғамдық дипломатия мен жаңа «нет-дипломатия» мәселесі қарастырылады. Қазіргі ғылымда күн сайын өзгеріске түсіп жатқан жаңа дипломатияның түрлері түсінікті емес. Мақала авторлары «нет-дипломатия» терминін жаңа шығып жатқан «twi-дипломатия» (X-дипломатия), «жария дипломатия», «сандық дипломатия», «медиативті қоғамдық дипломатиямен» салыстыру арқылы ел имиджін көтеруге ықпалы зор екенін дәлелдейді. Осы тұста зерттеу әдістері: бақылау және аралас әдістер қолданылады. Зерттеудің методологиясы ретінде сапалық талдау әдістемесін пайдалана отырып, автор отандық дискурста қалыптасқан жаңа дипломатия түрлерін АҚШ-тың қоғамдық дипломатияны жүргізу әдісімен салыстырады. Авторлар «нет-дипломатия» қоғамдық дипломатияның бір түрі ретінде, мемлекеттің ұлттық мүдделерін дамытуға және халықаралық аренада имиджін көтеру құралы ретінде қызмет етеді деген қорытындыға келеді. Зерттеу нәтижесінде ел имиджін жақсарту үшін күн сайын өзгеріске түсіп жатқан дипломатия түрлерін халықаралық қатынастар, журналистика аясында ендіру бойынша сыни пікірлер айтылып, арнайы ұсыныстар жасалады. Мақаланың практикалық маңызыдылығы дәстүрлі дипломатияның жаңа түрімен танысып оны қолданысқа енгізу. Жаңа дипломатия түрлерін дұрыс қолдану.

Авторлар бұл зерттеу аясында дәстүрлі дипломатияның заман талабына сай үлкен өзгеріске түскенін дәлелдейді. «Тwi-дипломатия», «медиа дипломатия», «жария дипломатия» және «қоғамдық дипломатия» тақырыбы тек саясаттану ғылымында ғана емес сонымен қатар журналистика, коммуникация, PR саласындағы мамандарға өзекті әрі пайдалы болады деген сенімдеміз.

Түйін сөздер: желілік дипломатия, ел имиджі, коммуникация, цифрландыру, медиативті қоғамдық дипломатия.

А.А. Тасилова^{1*}, Н.Т. Шынгысова¹, Н.А. Тасилова¹, Ж.Е. Жаппасов²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Международный инженерно-технологический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: taika9183@gmail.com

Дипломатические процессы в цифровую эпоху: «сетевая дипломатия» и имидж Казахстана

В статье рассматривается проблема публичной дипломатии и новой «сетевой дипломатии», которая является актуальным предметом исследования в сфере международной журналистики. В силу глобальной «цифровизации» понятие новых форм дипломатии в современной науке размыты. Авторы статьи сравнивают термин «сетевой дипломатии» с «тви-дипломатией» (X-дипломатия), «публичной дипломатией», «цифровой дипломатией», «медиативной публичной дипломатией», что позволяет осмыслить и оценить ее потенциал, а также подчеркивает важность построения позитивного имиджа.

Методология статьи представлена наблюдением, сравнением и гибридными методами изучения современных коммуникативных процессов в сфере дипломатического дискурса. В качестве ключевой методологии авторы используют качественный анализ, сопоставляя и сравнивая новые формы дипломатии, развивающиеся в отечественном дискурсе, с методом публичной дипломатии США. Авторы приходят к выводу, что «сетевая дипломатия» выступает формой публичной дипломатии, средством развития национальных интересов государства и поднятия его имиджа на международной арене.

Практическая значимость исследования заключается в ознакомлении с новым видом традиционной дипломатии и ее реализации. Описывается корректное использование новых форм дипломатии. Авторы исследования доказывают, что традиционная дипломатия претерпела серьезные изменения в соответствии с современными требованиями. Данная статья будет интересна и полезна не только политологам и специалистам сферы международных отношений, но и медиаисследователям, журналистам и PR-специалистам.

Ключевые слова: сетевая дипломатия, имидж страны, коммуникация, цифровизация, медиативная публичная дипломатия.

Introduction

The topic of globalization has been a subject of global interest since 1990. In the 1960s and 1970s, academics engaged in research on politics, society, international relations, and technology explored a range of dimensions of globalization. The subject remains a topic of ongoing debate. The concept of globalization is open to a variety of interpretations. One perspective posits that the phenomenon of globalization can be defined as the establishment of a unified global economic, legal, cultural, and informational space. In contrast, another viewpoint argues that the impact of globalization extends beyond the economic sector and affects all major areas of public life, including politics, ideology, and culture. Over the past decade, there has been a proliferation of discourse surrounding the pivotal questions of what the process of “globalisation” entails and what benefits can be derived from it. According to Anthony Giddens, “globalization” is a term that emerged unexpectedly, and has an impact across all spheres (Bjola, C. and Holmes, M. 2015).

The rise of globalization is intricately linked with intercultural communication, which is unifying the world and transforming it into a singular commu-

nicative realm (Thomas, 2015). V. Mezhuev argues that in the era of globalization, cultural processes establish relationships between states and nations. Individuals are free to access any aspect of world culture and pursue spiritual development regardless of their nationality or geographical location. In this context, intercultural communication facilitates the exchange of values during interactions between varying subjects, social groups, cultures, and civilizations. Intercultural communication is a hallmark of modern society and has emerged in fields such as business, production, and education. In this context, cultural and linguistic studies aim to establish effective intercultural communication and mutual understanding between partners (Mezhuev, 2019). Learning a foreign language allows individuals to immerse themselves in the culture and traditions of that country. Culture encompasses the environment in which individuals interact, form relationships with the outside world and define their identity. Clifford Hertz notes that culture is multifaceted, comprising of how individuals communicate, perceive time and relate to life. Cultural exchange allows individuals to share experiences and manage their actions. However, international communication participants face many obstacles in the process of adapting to

different cultures, which reduces the effectiveness of the implementation of widespread international projects (Copeland, D. 2013).

Nowadays, teaching foreign languages is very important in educational institutions. While learning the language of another country, a person tries to understand the strange world and culture through his native language and culture.

According to E.V.Krepkogorskaya, learning the common phraseological features and differences of two languages contributes to a deep understanding of the national specifics of the speaker of another language and deepens linguistic knowledge. All this leads to mutual understanding, intercultural dialogue, patience and communication between partners. The dialogue of cultures is not only an exchange of material and spiritual achievements of countries and peoples in the fields of production, trade, science, and art, but the dialogue of cultures is carried out in the form of interaction of ethnic groups in various cultural spheres. In cultural anthropology, this relationship is called "intercultural communication" in the exchange of products of one or more cultures in various forms. This relationship can exist both in politics and in people's daily lives, between family and informal relationships. With the advancement of language, individuals can easily communicate their viewpoints through social media networks and access one another's information without any difficulties. During the era of information warfare, the Internet and advanced technical equipment play a significant role. The time of globalization really proves this. At the same time, several foreign and national academics see this process as a new form of diplomacy.

Research Methods and Materials

This research examines the emergence of new forms of diplomacy in the digital age and assesses their current popularity and image on the global stage. In order to conduct this study, we compared and analyzed how developed nations practice emerging diplomatic approaches in the digital age.

The process of digitizing information on a large scale is of great importance in the context of the Ministry of Foreign Affairs' new direction for diplomatic work and the conduct of relations at a higher level. Furthermore, the MFA is anticipated to assume a pivotal role in the realm of communication and information networks, which serve as the bedrock of contemporary diplomacy. This is a crucial aspect of digitalization within the diplomatic domain. In light of these considerations, the Minis-

try of Foreign Affairs' work was also evaluated in terms of its responsibility for diplomatic development and the country's image.

The article also considers the history of the new diplomacy, its significance, and its spread. A chronological table has been presented to illustrate the digitalisation process of American diplomacy. The table records the direction and history of development, and an example has been provided.

Research materials

Amongst scholars specialising in international relations, information and communication technology experts, digitisation strategists and social media advocates, diplomats and political scientists, the recent rapid evolution of diplomacy has generated considerable excitement. It is indubitable that the advent of digitisation, which has supplanted traditional, face-to-face diplomacy, has precipitated a transformation in all aspects of public life. The face-to-face or cabinet diplomacy that we refer to is no longer a secret. Its nature has undergone a transformation. The digitisation of diplomacy has led to the recognition of diplomacy as a social institution.

In the current year, the politicians of Kazakhstan have engaged in a wide-ranging discussion of the subject of digital diplomacy. In this context, he shared his views with the experts of KISI under the President of the Republic of Kazakhstan.

Iskander Akylbayev, the chief expert of the European and American Research Department, asserts that the integration of diplomacy with emerging technologies is not merely a tool for global influence, but also a catalyst for economic and social advancement in Central Asia, facilitating constructive engagement with the global community. The country of Kazakhstan, situated at the heart of Eurasia, is in a position to address global issues on a global scale. (<https://kisi.kz/ru>)

At this juncture, it seems prudent to provide a brief overview of the historical context. In the early 21st century, the impact of societal transformations on diplomacy is significantly greater than it was in previous eras. (Giddens 2019). Furthermore, it is recommended that technical terms be incorporated in order to enhance the clarity of the text. In addition, a logical structure with causal connections should be maintained. It is challenging for governments to anticipate forthcoming developments, let alone events, due to the rapid pace of societal change. Although new technologies seem to improve the ability to forecast future trends, subjectivity must be avoided to ensure an objective analysis. Gumerova

states that the rapid development of information and communication technologies, as well as the internet, has brought significant changes to the modern information world. (Gumerova 2010) The exponential growth is without precedent and is precipitating transformative changes across all sectors of society and the state, particularly in the realm of international politics. Nevertheless, this growth has also given rise to the potential for the manipulation of public opinion through social engineering and the management of large numbers of people for political purposes. This phenomenon is becoming increasingly prevalent and is attracting significant attention. The relationship between new communication technologies and the transformation of domestic and international politics can be obscured by an excessive focus on social media. Clingendael, the Dutch Institute for the Study of International Relations, has introduced the concept of ‘integrative diplomacy’ into

the field of science. This novel form of diplomacy has emerged in the 21st century and is well-known among European scholars. (Kurbalija, 2013).

Research Discussion

As previously stated, the process of mass digitisation has both positive and negative implications. While it is important to remain abreast of contemporary developments and withstand global criticism, it can also give rise to an information war. The advent of information and communication technologies (ICT) and the Internet has given rise to novel forms of international conflict. The United States is regarded as the epicentre of digital diplomacy, also known as public diplomacy. The United States government defines “digital diplomacy” as the utilisation of social networks in diplomatic practice.

Table 1 – The Evolution of America’s Digital Diplomacy

From 1996 till 2000	The White House Invented electronic magazine and began the process of integrating alumni through the official website of the State Department.
In 2001	The United States, known as the home of public diplomacy, understands the need for Netdiplomacy. A new type of diplomacy – network diplomacy has been released.
From 2002 till 2003	President George W. Bush, who ruled the country at the beginning of the 2000s, began to transfer all traditional media to the online format.
In 2006	The USA created the first device to record and monitor all negative information about the country. This headquarters aims to identify information that harms America’s reputation in the world’s press and respond to it promptly.
In 2006	In the same year, the US Secretary K. Rice opened the official blog of the US Department called Dipnote. At the same time, various electronic magazines and state portals of the presidential administration began to open. (eJournal USA, Weekly Newsletter, Student Corner)
In 2007 till 2008	USAID is an American agency that is present all over the world. At the beginning of the 2007s, the agency began its intensive work and established 15 headquarters together with the CIA and the Ministry of Defense. The purpose of these 15 headquarters is to explore social networks, various blogs and chats in the international arena. By that, he was destroying negative information about America.
In 2010	The US State Department has developed a strategy for American diplomacy entitled ‘2011-2013: Digital Diplomacy. Strategic Actions for the Development of Information Technology.’ To achieve this goal, a research centre will be established at Harvard University to study the political leanings of social media users. Harvard University researched the political leanings of social media and blog users in foreign countries. Another project was the first conference of online dissidents. The State Department’s third initiative seeks to establish dissident communities in «non-democratic» states via the Internet. Internet-based dissident groups in «non-democratic» states. In autumn 2010 a plan Civil Society 2.0 was released. American politicians hold various large meetings and conferences within the framework of digital diplomacy. 2010 brings together bloggers from all over the world at the Bush Institute in Texas. They are bloggers who oppose their head of state. This country includes Cuba, Russia, Iran, China, Colombia, Venezuela, and Syria. And Syria and Venezuela read a report at the conference.
From 2011 till 2014	The new US public diplomacy has eliminated the concept of the monologue. They suggested that this diplomacy is «dialogue» or «listening» or «feedback». America was quick to respond to public comments online. This approach prompted American officials and politicians to open their social media pages. An online diplomacy center was created by the Agence France Presse (AFP) agency. This hub analyzes and evaluates the expressions of the world politicians and celebrities on Twitter. Also taken data results are visualized, allowing for the creation of a constantly updated rating. The AFP database of sources includes thousands of presidents, prominent ministers, diplomats, and political experts, activists, and even hackers.

